Аббасилердің шиға сенімін ұстанушыларға жасаған зорлық-зомбылығы әмауилерден кем болмады. Бастапқыда әмауилердің мүрдесін қазып, мәйіттерін отқа өртеді. Кейін осындай азаптарды шиға ғұламалары басынан өткерді. Олар Имам Ағзам Әбу Ханифа мен Имам Ахмет Ханбалға да азап көрсетеді. Шиғаның алтыншы имамы Жағфар ас-Садыққа қорлық көрсетіп, артынан у беріп өлтіреді. Әли ұрпақтарын жәй ғана өлтіріп қоймай, тірідей жерге көміп, қабырға өргенде тастардың орнына қалап жібірді. Шиғалар болса, Аббас әулетінің әділетсіздіктерін әшкерелеп, қалың бұқараны оларға қарсы қойды (Tabatabai, 1993: 58-59).

Шиғалар орталық билікке қарсы ашық және жасырын түрде күресті. Бірақ, олардың күресі стихиялы түрде өрбіді. Шиға өкілдері әрбір әһлі-бәйт өкілін имам деп танып, оның соңы өзара бөлінушілікке әкеліп соқты. С.М. Прозоров VIII ғасырдың өзінде шиғаның бірнеше мектептерінің қалыптасқандығын айтады. Олар Куфа, Басра, Бағдат, Кум мектептері болатын.

Әрбір мектептің пайда болуында шиға ғұламаларының түрлі көзқарастары әсер етті. Бұл мектептердің саяси мақсаттары да әртүрлі болды. IX ғасырда шиға ілімі Нишапур, Балх, Мерв өңірлеріне тарады. Шиға пікірлерінің X ғасырдағы солтүстік Иран мен Әзірбайжан және Қорасандағы орталық билікке қарсы жасалған көтерілістердің орын алуына ықпалы болды. Сондай-ақ, Табаристанда тараған шиға ілімі онда алғашқы шиға мемлекетінің пайда болуына әсер етті (Прозоров, 1980: 15-16).

IX ғасырдың басында шиға қауымы басынан жылымық кезенді өткерді. Шиғалар ғана емес, өзге бағыттар да еркін өмір сүруге қол жеткізеді. Оған себеп, аббаси билеушісі әл-Мамунның 817 жылы халиф болып, муғтазила бағытын қабылдап, өзге бағыттарға еркіндік берді. Тіпті, әл-Мамун шиғаның сегізінші имамы Әли ибн Мұсаны өзіне уәзір етіп алады. Халифа сарайындағы саяси қолдаушысына арқа сүйеген шиғалар осы кезде өз ілімдерін халифаттың түкпір-түкпіріне таратады. Алайда, 854 жылы Мутауакәлдің халиф болуымен шиғалар қайтадан қара түнекті бастан кешіруге мәжбүр болады. Ол шиғаның үшінші имамы Хұсейннің Кербаладағы мазарын жермен-жексен етеді. Осы кезде шиғалар қайта бас сауғалауға мәжбүр болады (Прозоров, 1980: 59-60).

X ғасырда аббаси билігі әлсірей бастады. Осыны ұтымды пайдаланған шиға сенімін ұстанушы Әли Бувейх Араб түбегінің бір бөлігінде өздерінің тәуелсіз иелігін құрады. Олардың ықпалымен шиға ілімі Араб түбегінің Бахрейн, Оман, Сад өлкелеріне кеңінен тарайды. Сондай-ақ, Басра, Траблус, Наблус, Табери, Халаф шаһарларындағы халықтың басым бөлігі шиға сенімін ұстанды. X ғасырдың басында Иранның солтүстігіндегі Табаристанда шиға ілімінің негізінде Насир Отрус мемлекеті пайда болды. X ғасырда солтүстік Африкада шиғалар фатимилер мемлекетін құрды (Прозоров, 1980: 60-61). XI ғасырдың басында шиғаның исмайли ағымы Иранда дербес иелік құрып, шиғалар жүздеген жылдары бойы тәуелсіз мемлекет ретінде өмір сүрді. Мазандарандағы шиға мемлекетін XIII ғасырда моңғол шапқыншылары құлатты (Прозоров, 1980: 62-63).

Шиға ілімі Иранда сафафиттер әулеті билікке келген кезде, дәуірлеу шағын басынан өткерді. Олар 1528 жылы тұтас Иранның билігіне қол жеткізді. Сондай-ақ, Анадолыда пайда болған Аққойлы, Қарақойлы мемлекеттері де шиға ілімін ұстанды (Tabatabai, 1993: 63-64). XVIII екінші жартысында Нәдир шаһ

пен Осман билеушілері әһлі сүннет пен имами сенімінің қайсысы дұрыс екенін ғылыми жолмен анықтамақ болады. Османдық ғалым Абдуллаһ Субайди Иранда шиға ғалымдарымен пікір таластырады. Пікірталастың нәтижесінде Абдуллаһ Субайди Иран ғалымдарына әһлі сүннеттің ақиқат сенім екенін, шиғалық ілімнің бидғат екендігін дәлелдеп береді. Нәдир шаһ пікірталастың нәтижесін хатқа түсіріп, шиғалық ілімнің дұрыс емес екенін бүкіл Иранға хабарлайды (Қарабиық, 2008: 243).

Қазіргі Иран мемлекеті шиға сеніміндегі имами бағытын ұстанады. Иран мұсылмандары шиғаның жаңсақ пікірлерінен біршама арылғанмен, Шиғалық ілімнің негізін құрайтын Әли мен әһлі-бәйтты ұлықтау секілді діни ұғымдарды әлі де басшылыққа алады.

Бүгінгі күні шиғаның бір тармағы болып есептелетін зайди бағытын Йемен тұрғындары ұстанады. VIII ғасырда Яхия ибн Зайд негізін қалаған бұл бағыт Зайд ибн Әлидің имамдығын қабыл етті. Шиғалардың ішінде әһлі сүннетке жақын осы зайдилер еді (Хизметли, 2000: 13-14).

Парсы жұрты шиға ілімін қабылдағанмен, бұрынғы ескі мәдениеттерінен қол үзіп кете алмады. Исламды қабылдап, ескі нанымдарының сарқыншақтарын да қатар алып жүрді. Шиға ілімі парсылардан қолдау тапса да, кейін шиға ілімі әртүрлі діндер мен мәдениеттердің ықпалына ұшырады. Оларға алғаш әсер еткен иуда діні болды. Бұл туралы ибн Хазм «әл-Фасл» атты шығармасында былай дейді: «Шиғалар яһудилердің жолында кетті. Өйткені, яһудилер Ілияс пен Фанһас ибн Азар ибн Харунды әлі күнге дейін тірі деп біледі. Кейбір сопылар да осы жолда болып Қызыр мен Ілиястың тірі екеніне сенеді» (Ибн Хазм аш-Шахристани, 1969: 45).

Шиға ілімі парсыларға таралуымен ескі үнді сенімі мен будда дінінің де ықпалына ұшырады. Оған дәлел ретінде Шиғалық ағымдардың көпшілігінің сенім негіздері болған «ража», «веда» мен «реинкарнация» сенімінде болуын көрсетуге болады.

Шиға сенімін ұстанушылардың ішінде өздерінің имамдарын «тәңір» және «махди» деп қабылдап, асыра сілтеушілікке ұрынғандар болды. Олар махди туралы деректі өздерінің саяси мақсаттарына пайдаланғысы келді. Ибн Кәсир өзінің «Тафсирул-Құрани-Азим» атты шығармасында бұл мәселеге жан-жақты тоқталған. Ол махдидің рафизилер мен иснәшарилердің «ғайып болып, қайта оралатын имамы» емес екенін айтты (Әл-Хафиз Абуль-Фида

Исмаил ибн Касир ад-Димашқи, 2000: 32-33). Шиға тармақтарына сипаттама беретін болсақ, оларды асыра сілтеуші шиға және рухани-ілімнің негізінде құрылған шиға, сондай-ақ, екі бағыттың элементтерін қатар ұстанатын шиға деп сыныптауға болады. Асыра сілтеуші шиға тармақтары Әлиді тәңір дәрежесіне, тіпті олардың бір бөлігі оны пайғамбар еді деп білді (Мухаммад Абу Заһра, 1996: 46). Мәзһабтар тарихында осындай теріс сенімдегі шиғалар «ғұлат» (асыра сілтеу және керітартпалық) деп аталады.

Әмауилер дәуірінде араб ұлтшылдығы асқынған шақта, исламды қабылдаған өзге ұлттар оларға қарсылық ретінде өздерінің ұлттық құндылықтарын ұлықтауды қолға ала бастады. Ескі діндер мен мәдениеттердің сарқыншақтарын ұстану дүбәра діни ағымдардың пайда болуына әкеліп соқты. «Ғұлат» топтары да екі мәдениеттердің ықпалынан пайда болған еді (Атай, 1983: 5-6).

Шиғаның рухани ілім негізіндегі тармақтары ретінде Пайғамбардың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) сүннетін берік ұстаушы оның ұрпақтары саналатын әһлі-бәйтты, Алла Елшісінің (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) қызы Фатима мен күйеу баласы Әлидің ұрпақтары ұстанған діни жолдан ауытқымаған жағфари, зайди секілді тармақтарды айтамыз. Шиғаның бұл тармақтары ескі мәдениеттер мен діндердің ықпалына көп ұшырай қойған жоқ. Бірақ, шиға топтарының ортақ ұстыны – мұсылмандардың рухани және саяси билігі «әһлі-бәйттің» иелігінде болу керек деген көзқарас еді.

Қорытынды

Ислам әлемінің сунниттерден басқа бір бөлігі саналатын шиға бағытының діни, саяси, әлеуметтік мұрат-мақсаттары сонау VII ғасырда Пайғамбар (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) көз жұмған сәтте, Әлидің жақтастары тарапынан негізі қаланды. Шиға тобының бөлек діни қауымдастық ретінде тарих сахнасына шығуына сол дәуірдегі діни, саяси ахуал әсер етті. Әлидің харизматикалық қасиеттері оның жақтастарының кейбір мәселелерде асыра сілтеушілікке ұрынуына түрткі болды. Мысалы, шиғалардың Әлиге деген шексіз махаббаты одан бұрынғы халифалардың легитимдігін жоққа шығаруға дейін жеткізді. Сондай-ақ, Пайғамбар (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) ұрпақтарының (әһлі-бәйт) Әли мен Фатима анамыздан некесінен өрбуі, бұл әулетке әмауи мен

аббасилердің бәсекелес болуы, шиғалардың бөлек діни қауымдастық ретінде құрылуына қатты әсер еткен фактор еді. Әмауи және аббаси династиясынан зәбір көрген өңірлердің тұрғындары балама билік ретінде әһлі-бәйтті қолдауға мәжбүр болды. Соның әсерінен орталықтан (Хижаз) тысқары жатқан өлкелерде шиға топтары саяси қозғалыс жасап, мемлекет құруға әрекеттенді. Соның негізінде бувейх, фа-

тимилер, сафевилер секілді шиға мемлекеттері пайда болды. Тарихта бірнеше рет сунниттер мен шиғалардың арасын жақындастыру шаралары қолға алынған. Бірақ, олардың ешқайсысы нәтиже берген емес. Оның басты себебі, шиғалардың мәнһажы (теориялық іргетасы) әу бастағы тарихи оқиғаларды басқаша бағалаудан, өздерінің рухани көсемдерін шектен тыс ардақтаудан туған еді.

Әдебиеттер

- Hamidullah M. (1991) *Islam Peygamberi*. – Istanbul: “Çev: Tug S”. II cilt. – 1870.
- Hüseyin Atay. (1983) *Ehl-i sünnet ve şia*. Ankara: “Ankara universitesi ilahiyat fakultesi yayınları”. – 275.
- İbnul Emin Mahmut Ecad Seydişehri. (1983). *İslam Tarihi*. – İstanbul: “Divan Yayınları”. II cilt. – 1252.
- Omer Sonen Hunkan. (2016) *Türk hakanlığı (Karahanlılar) nin dini siyasetinde maturidi alimlerin rolü*. Trakya universitesi sosyal dergisi. № 18. Edirne. – 366.
- Tabatabai, A. (1993) *Tüm Boyutlarıyla İslam’da Şia*. – İstanbul: “Kevser Yayınları”. – 302.
- Әл-Хафиз Абуль-Фида Исмаил ибн Касир ад-Димашки. (2000). Тафсир әл-Құран әл-Азим. – Бейрут: «Дар Ибн Хазм» баспасы. – 233.
- Бамиян, Р. Как живут шииты Казахстана? <https://kazislam.kz/kak-zhivut-shiity-kazahstana/>
- Бартольд, В. (1900) Туркестан в эпоху монгольского нашествия. II часть. С.Пб. – 261.
- Ибн Хазм аш-Шахристани. (1969) Әл-Фасл фил-миләл уәл аһуә уәл-нихәл. – Каир: «Мақтабат әл-хәнджи» баспасы. – 451.
- Исакхан М. Бадахшанда бүлік шығарған исмаилиттердің ертең елімізде ылаң салмасына кім кепіл? <https://abai.kz/post/14465>
- Қарабиық О. (2008) Ислам діні және өзгертілген діндер мен топтар (секталар). Алматы: «Түркістан» баспасы». – 320.
- Мавлоний Д. Мусульманские меньшинства в Казахстане не могут слушать проповеди на своих языках. https://rus.azattyq.org/a/religion_kazakhstan_muslim_discrimination
- Мухаммад Абу Зәһра. (1996) Тарих әл-мазаһиб әл-исламия фи ас-сияса уәл-ақәид уә тарих әл-мазаһиб әл-фикһия. – Каир: «Дар әл-фикр әл-араби» баспасы. – 714.
- Нурсейтова, Т. В Казахстане действует более 3600 религиозных объединений, представляющих 18 конфессий. <https://www.zakon.kz/4871654-v-kazahstane-deystvuet-boleee-3600.html>
- Прозоров С.М. (1980) Арабская историческая литература в Ираке, Иране, в Средней Азии VII-X в. Шиитская историография. – Москва: «Наука». – 249.
- Феййаз, А. (1975) Тарихул-Имамие уә Аслафухум Минеш-Шиа, - Бейрут: «Дарул-фикр». – 451.
- Хизметли, С. (2000) Мезхептер тарихы. Түркістан: «Тұран». – 52.
- Шабани, Р. (2002) Иран тарихы. Алматы: «Зерде». – 236.

References

- Äl-Xafiz Abwl-Fida İsmail İbn Kasir ad-Dimaşî. (2000) *Tafsir l-wran .l-Azim*. - Beyrwt, Livan: «Dar İbn Xazm». – 233.
- Bamiyan, R. Kak zhivut shiity Kazakhstana? <https://kazislam.kz/kak-zhivut-shiity-kazahstana/>
- Bartol'd, V. (1900) *Turkestan v epokhu mongol'skogo nashestiya*. Chast' vtoraya. S.Peterburg'. – 261.
- Feyyaz, A. (1975) *Tarixwl-İmamie wa Aslafwxwm Mıneeş-Şia*, Beyrwt: «Darul-Fikr». – 451.
- Hamidullah, M. (1991) *Islam Peygamberi*. – Istanbul: “Çev: Tug S”. II cilt. – 1870.
- Hüseyin, A. (1983) *Ehl-i sünnet ve şia*. Ankara: “Ankara universitesi ilahiyat fakultesi yayınları”. – 275.
- Isakhan, M. Badakhshanda bylik shyğargan ismaylitterdiñ yerteñ yelimizde ylañ salmasyna kim kepil? <https://abai.kz/post/14465>
- İbn Xazm al-Şaxristanî. (1969) *Äl-Fasl fil-milwl wal axwa wan-nikal*. – Kaır: «Maqtabat äl-xanjî». – 451.
- İbnul Emin Mahmut Ecad Seydişehri. (1983) *İslam Tarihi*. – İstanbul: “Divan Yayınları”. II cilt. – 1252.
- Karabiyk, O. (2008) *Islam dini zhane uzgertilgen dinder men topar (sectalar)*. Almatı: «Turkestan». – 320.
- Mavloniy, D. Musul'manskiye men'shinstva v Kazakhstane ne mogut slushat' propovedi na svoikh yazykakh. https://rus.azattyq.org/a/religion_kazakhstan_muslim_discrimination
- Muxammed Äbw Zahra. (1996) *Tarix äl-mazähîb äl-İslamîya fi as-siyasa wl-aqaîd jäne tarix äl-mazähîb äl-fi -İya*. – Kaır: «Dar al-fikr äl-arabi» baspası. – 714.
- Nurseitova, T. V Kazakhstane deystvuyet boleye 3600 religioznykh ob'yedineniy, predstavlyayushchikh 18 konfessiy. <https://www.zakon.kz/4871654-v-kazahstane-deystvuet-boleee-3600.html>

Omer Sonen Hunkan. (2016) Turk hakanligi (Karahanolilar) nin dini siyasetinde maturidi alimlerin rolu. Trakya universitesi sosyal dergisi. № 18. Edirne. – 366.

Prozorov, S.M. (1980) Arabtñ tarixi ädebieti İpakta, İran, Orta Aziyada VII-X ğğ. Şiit tarixnamesi. Mäskew: «Ğılım». – 249.

Şabanî, R. (2002) İran tarixi. Almatı: «Zerde». – 236.

Tabatabai, A. (1993) Tüm Boyutlarıyla İslam'da Şia. – İstanbul: “Kevser Yayınları”. – 302.

Hizmetli, S. (2000) Mezhepter tarixi. Türkistan: «Turan». – 52.

А. Қабылова¹, Р. Рахимбетов¹, А. Танабаева^{2*}¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.²Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.*e-mail: inara2005@mail.ru**«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ АЯСЫНДАҒЫ
ИСЛАМНЫҢ ҢЫТАЛАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІ**

Ұсынылып отырылған мақалада халқымыздың дәстүрлі танымы мен діни ұстанымдары тоғысатын ұлттық менталитетін, құндылықтық бағдарларын пайымдау хақында ынталандыру шараларын, исламдағы мотивация тұжырымдамасы мен оны «ұлттық бірегейлікті сақтау» үшін ұлттық модельді насихаттауға қабілетті креативті ойлау жүйесі арқылы зерделеуге қадам жасалды. Себебі бұл мәселе қазіргі таңда жеткілікті деңгейде зерттелмеген. «Құран» мен шариғат талаптарын заманауи сұраныстармен байланыстыра отырып, қоғам өкілдерінің қажеттіліктері мен тілектерін ынталандыру, олардың алға жылжуына түрткі болатын ерекше ой мен пайым деңгейін дамыту үшін білім мен зердені орнықтыру кезек күттірмейтін мәселе. Осы нысанаға жету үшін әдебиеттерге жан-жақты шолу жасалды, ғылыми журналдар мен ғаламтор мәліметтері қолданылды. Тұжырымдамаларымыз дәлелді болу үшін «Құраннан» түпнегізді мәліметтер алынды. Зерттеу барысында Ислам өзінің ізбасарлары арасында ынталандыруды насихаттауда бағалауға тұрарлық бағытта екеніне ерекше назар аударамыз. Жалпы пайымдайтын болсақ, Алла Тағала адамдарды «Өзінің сөзін мойындап, оны орындау үшін» жаратты. Ол үшін белгілі бір сыйақы ұсынады. Ал, оның өсиетін орындамау салдарынан қорқыныш тудыратын ойларға қозғау береді. Олай болса бұл тезис адамзаттың жер бетінде және кейінгі өмірінде тыңғылықты зардапсыз күн кешуіне итермелеудегі исламның рөлін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Күтілетін нәтиже – адам мотивациясы мен мінез-құлқын түсінудегі білім мен зердені орнықтырған сәтте айшықтала түседі.

Түйін сөздер: «Мәңгілік ел», мотивация, креативті ойлау, Маслоу теориясы, тайм-менеджмент.

A. Kabylova¹, R. Rashimbetov¹, A. Tanabayeva^{2*}¹Eurasian National University named after L.N. Gumilyov, Kazakhstan, Nur-Sultan²Abay Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty*e-mail: inara2005@mail.ru**Islamic motivation in the framework of the idea «Mangilik el»**

This article presents the development of a national mentality and values that combine traditional and religious beliefs, as well as the motivational concept of Islam. This issue is currently not sufficiently studied. It is extremely important to use the theory of knowledge to stimulate the needs and desires of representatives of society, linking the requirements of the “Koran” and Sharia with modern requirements, to develop a special level of thinking and reasoning that contributes to their promotion. To solve this problem, was done work on the review and study of literature, scientific journals and online sources. For the reliability of the research, information from the “Koran” itself was used. In the course of the study, we pay special attention to the fact that Islam is a value reference point. To summarize, Allah created people to “recognize and keep His words”. For this, he offers a certain reward. However, the thought of not following his instructions causes fear. However, this thesis provides a deeper understanding of the role of Islam in the pursuit of a healthy and meaningful life on earth and in the afterlife. The expected result manifests itself as soon as you establish knowledge and understanding of human aspiration and behavior.

Key words: “Mangilik el”, motivation, creative thinking, Maslow’s theory, time management.

A. Кабылова¹, Р. Рахимбетов¹, А. Танабаева^{2*}¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Нур-Султан²Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Казахстан, г. Алматы*e-mail: inara2005@mail.ru**Мотивация ислама в рамках идеи «Мәңгілік ел»**

В данной статье исследуется развитие национального менталитета и ценностей, сочетающих в себе традиционные и религиозные верования, а также мотивационную концепцию ислама. Данный вопрос в настоящее время недостаточно изучен. Крайне важно использовать теорию

познания, чтобы стимулировать потребности и желания представителей общества, связывая требования «Корана» и Шариата с современными требованиями, развить особый уровень мышления и рассуждения, способствующий их продвижению. Для решения этой проблемы была проделана работа над обзором и изучением литературы, научных журналов и онлайн-источников. Для достоверности исследований была использована информация из «Корана». В ходе исследования мы обращаем особое внимание на то, что Ислам является ценностным ориентиром. Если обобщить то, что Всевышний Аллах создал людей, чтобы они «признавали и соблюдали Его слова». За это он предлагает определенную награду. Однако мысли о невыполнении его наставлений вызывает страх. Тем не менее, этот тезис дает более глубокое понимание роли ислама в стремлении к здоровой и значимой жизни на земле и в загробной жизни. Ожидаемый результат проявляется, как только вы устанавливаете знания и понимание человеческого стремления и поведения.

Ключевые слова: «Мәңгілік ел», мотивация, креативное мышление, теория Маслоу, тайм-менеджмент.

Кіріспе

Заманауи талаптарға сай әрбір қазақстандықтың санасын рухани жаңғыртудың бірнеше бағыты айқындалған. Соның бір бағытының мәні – сананың ашықтығы, яғни әлемде не болып жатқанын түсіну, жаңа технологиялық тәртіптің ағыны тасымалдап әкеле жатқан өзгерістерге дайын болу, басқалардан үйрену, озық тәжірибені қабылдау. Осындай аксиомалық байлам беруге ешқандай кедергі жоқ деуге толық негіз бар. Кесіп айтқанда, экономикалық-саяси бағытта алға ұмтылу – ең әуелі рухани құндылықтар талабына сай келетін қоғамдық таным мен болмыс деңгейінің мәртебесіне байланысты болмақ. Ұлттық жаңғырудың басты шарты – жеке ұлттық код ұғымымен айғақталатын бірегей мәдениетімізді сақтап қалу. Тәуелсіз еліміздің ертеңі үшін бұлдыр түсініктен түңіліп, болашақтың күре тамырына балта шабатын көмескі адасулардан алшақтап, тарихи алтын көмбелерімізге мархаббат көрсетіп, оны заманауи талаптарға бейімдеп, тарихи сабақтас-тықтың көпірін жаңартып, тәуелсіз сана деңгейінде ой толғамдарымызды мәлімдейтін, қатпарлы түйіндеріміздің әуелгі де баянды лепесін білдіретін уақыт жетті. Бұл үрдіс біртіндеп талғамы жоғары жаңа санаға пәрменді орнығып, киелі мұраға кәміл сенетін қоғамның кемел тұлғаларын дайындайды. Осы орайда жас ұрпақ прагматикалық құндылықтарға мән беретін тұтынушылық және еліктегіш сананың құрықтағыш құрығынан сытылып шығып, өз дүниетанымын жаңғыртып, имандылық қағидатын меңгеру сатысында, діндарлық кеңістігін кеңейтуге мүдделі ұйғарымға келері хақ. Зымыраған уақытта адам баласы биологиялық және психологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін көптеген ынталандыру, яғни мотивациялық тәсілдерге жүгінеді. Бұл жолда дәстүрлі ой-

лау жүйесіне бағынбайтын креативті ойлану – жаңашыл құбылыс, ол аса күрделі феномен бола отырып, қажеттілік құралына айналады.

Әдіснама

Ұсынылып отырған мақаланы зерттеу барысында салыстырмалы талдау, аксиологиялық талдау, нақтылық пен даму принциптерін жүйелі тұрғыда қарастыру сияқты ғылыми әдістер қолданылады. Еңбектің әдіснамалық негізіне дінтанушылардың ғылыми еңбектері мен ислам дінінің негізгі дерек көзі Қасиетті Құран кеңінен пайдаланылды.

Исламдағы мотивация тұжырымдамасы

Ислам – Жаратушымыздың адамзатқа берген өмір сүру үлгісі, ал мұсылман адам өзінің күнделікті өмірінде тыныштықты сақтап қалуға тырысады, егер олар жаратушының меңзегенімен жүретін болса, оларға жұмақтан орын белгілеу туралы сияқы уәде етіледі. Құранға сәйкес Алла Тағала адамды басқа тірі жан иелеріне қарағанда өзгеше сипатты жаратты, тәнмен қоса саналы рух берді. Бұл ілімдер Мұхаммед пайғамбар арқылы адамзатқа жеткізіліп, ол бір кітапқа топтастырылып, Құран кітап түрінде бізге танылды. «Бұл кітап (Құран) ешқандай шек-шүбәсіз, тақуаларды тура жолға бастаушы. Олар ғайыпқа сенеді, намаз оқиды, өздеріне берген ризықтан (Алланың жолына арнап) жұмсап тұрады. Олар саған түскен кітапқа және сенен бұрынғыларға түскен кітаптарға сенеді, ақыретке күмәнсіз сенеді» (Құран Кәрім: 3) делінген Бақара сүресінде. Қасиетті кітапта адамға қажетті барлық арман тілектердің жауабы табылады, әлеуметтік-экономикалық аспектілер қарастырылып, тұлғалардың физикалық және психологиялық әл-ауқаты айтылады. Алла Тағала адамды ең ізгі мақсаттар үшін жаратты. Өмірдің өзі – ислам дінін ұстанушылар үшін ынталандыру нысаны. Жәннат пен тозаққа қатысты аспектілердің өзі адамның мінез-құлқын

қалыптастыру мен басқаруда мотивациялық фактор ретінде жүреді.

Исламдағы мотивацияның ертерек мысалын Адам ата мен Хауа ана оқиғасымен байланыстыруға болады. Құранда айтылғандай олар шайтанның азғыруына еріп тыйым салынған жемісті жеп, Аллаға мойынсұнбады және соған сәйкес жазаланды. Бұл туралы Ағраф сүресіндегі «Қиямет күні олардың ахуалын оларға біліктілікпен айтып береміз. Біз олардан алыстаған емеспіз» деген жолдардан байқаймыз (Құран Кәрім: 152).

Кейбір спецификалық аяттар мен хадистер адамдарды ынталандыруда маңызды рөл атқара отырып, үлкен идеяларға жетелейді. Бұл тұрасында Әнғам сүресіндегі (6: 160) «Бір жақсылық іс істеген адам он есе сауапқа ие болады. Бір жаманшылық істеген адамға тек істегеніне лайық жаза беріледі, оларға әділетсіздік істелмейді» (Құран Кәрім: 151) дегенге көңіл бөліңіз. Бұл аяттың концептуальды мәніне үңілетін болсақ, әрбір адам өзінің жақсы немесе жаман әрекеттері үшін міндетті түрде жауапқа тартылады. Сол сияқты жамандық жасаудан бас тартып, қалыс қалғандар сауапқа бөленеді. Мүміндер үшін жамандық жасаудан аулақ болып, жақсылық істерге көбірек ұмтыла отырып, Алланың сауабы мен уәдесіне талпыну мотивацияның ең шебер үлгісі болмақ. Жаратушының жариялаған марапаттары мен бұйрығы ізбасарларының санасы мен мінез-құлқына әсер етіп қана қоймай, мотивацияны күшейтеді. Бұл туралы хадистерде «Кімде кім жақсылық жасауға ниеттеніп бірақ жасамаса, Хақ Тағала оны толық жасалған бір жақсылық есебінде жазады. Егер жақсылық жасауды ойға алып, оны жүзеге асырса, Алла Тағала сол бір ғана жақсылығы үшін он сауаптан бастап, жеті жүз есеге дейін, тіпті, одан да еселеп сауап жазады. Ал егер іштей ұйғарған жамандығын жасаса, Алла Тағала сол жамандықты ғана жазады» деген (Бұхари, Рикак: 31; Муслим, Иман: 207) (Имам Нәуәуи, 2014: 18).

Егер адам қандай да бір амал жасаса, Алла Тағала оған разы болып, игі істері үшін марапаттай ма, жоқ па? Алланың разылығын алмағандар дұрыс емес әрекеті үшін жазаланады ма? Бұл туралы Бақара сүресінің 30-аятында келесідей түсіндіріледі: «Кезінде Раббың періштелерге: «Мен жер жүзінде халифамды белгілеймін» – деген еді. (Сонда періштелер) «Жер жүзінде бұзықтық істеп, қан төгетін біреуді жаратасың ба? Ал біз сені ерек деп ұлықтап, пәк деп мадақтаймыз» – деді. Алла: «Ақиқатында сендер білмегенді мен білемін» – деді (Құран Кәрім:

7). Бұл аятта Алла Тағала жер бетіне өзінің хабарын жеткізетін және адамдардың игі істер жасауына мұрындық болатын жол көрсетушіні, яғни мотиваторды жөнелтетінін мәлімдейді. Періштелер болса тағайындалатын халифке қатысты шешімге алаңдаушылық білдірді. Бірақ жасырын және көрінетін нәрселерден хабардар, өткеніміз, қазіріміз бен болашағымыз туралының барлығын білетін Алла Тағала бейбітшілік хабарын ұрпақтан ұрпаққа тасымалдайтын, адамдардың дұға қылып игілікті істер жасауына талпындыратын елші келбетінің талқыланбайтындығын кесіп айтады. Кейін Юнус сүресінде (10: 2) «Өзіңдеріңнен бір кісіге: «Адамдарды (Алланың азабынан) сақтандыр, иман келтіргендерді Раббыларыңның қасында олар үшін жоғары мәртебе барлығымен қуандыр» деп хабарлағанымызға бұл адамдар таңырқай ма? Кәпірлер: «Бұл әшкере сиқырлық» деді» (Құран Кәрім: 209) деген Құранның мәтініне үңілсеңіз – Оның ізімен жүріп, еліктеп, мүміндерді шабыттандыру үшін Пайғамбардың белгіленгені айтылады (Abdullāh, 2015). Бақара сүресінің тағы бір аятында (1: 148) жақсы іс жасауға ұмтылыңдар, жақсы іс жасауға бәсекелес болыңдар деп ынталандырады. Құрандағы анықтамасы: «Әр адамның бет берген бір құбылысы бар. Жақсылыққа асығыңдар. Қайда барсаңдар да, Алла бастарыңды бір жерге келтіреді. Алланың барлық нәрсеге құдіреті жетеді» (Құран Кәрім: 24). Әли Ғимран сүресінің 133-аятында «Раббыларыңнан, жарылқауына және тақуаларға арналған, кеңдігі аспан мен жердей келетін Жұмаққа асығыңдар» (Құран Кәрім: 68) деп кешірім мен сауап іздеуде адамдардың бір-бірімен бәсекелес болуына жігерлендіреді (Mohamed: 6). Осы нұсқаулар мен уәделер игі істер жасауға қосымша түрткі болады.

Ахзаб сүресінде (33: 21) Алла Тағала жіберген пайғамбарының мінсіз жүріс-тұрысы мен моральды келбетін ерекше атап өтеді. Үлгі ретінде көрсетіп, адамдарға оның мінез-құлқы мен ғажайып істеріне еліктеуді ұсынады. «Расында сендер үшін, Алладан ақырет күнінен үміттенгендер мен Алланы еске алып тұратындар үшін Расулуллада әлбетте тамаша өнегелер бар» (Құран Кәрім: 421) деген үндеуді түсінген жамағат міндетті түрде құлақ асып, Алла мен ақырет күніне үміт артары айғақталады. Сол сияқты жақсылыққа шақыратын, қателік жасаудан алыс болуға итермелейтін, жағымсыз жазалар туралы алдын ала ескертетін, пайғамбардың өмірлік ісі мен оның ілімдерінің әр түрлі аспектілерін қамтитын хадистер көптеп

кездеседі. Әбу Нұрәйра: «Пайғамбарымыз: «Жұмаққа жүрегі құстың жүрегіндей адамдар кіреді (ғалымдардың айтуынша олар жүрегі бейне бір құстың жүрегіндей дір-дір етіп, Алланың бұйрықтары мен тыйымдарына аса сақ қараған, әрі әрдайым Аллаға тәуекел етумен болғандар) (Муслим, Жәнна, 27) деген хабарды бізге жеткізді (Имам Нәуәуи 2014: 48). Тағы бір хадисте «қызметкердің жалақысын тері кепкенше беру керек» (Ибн Маджа, Суан) делінген, бұл адамдардың құқықтарын құрметтеудің көрінісі және тиесілі төлемдер уақтылы берілсе наразылық білдіруге жол берілмейді, оларды шынайы еңбек етуге ұмтылдырады деп түсіну керек.

Адамгершілікке толы мінез-құлық – табысты өмірдің іргетасы. «Шын мәнінде Алла Тағала сендердің дене-бітімдеріңе де, түр-тұрпаттарыңа да емес, жүректерің мен істеріңе қарайды». Алайда нақты өмірде адам моральды дилеммаға тап болуы мүмкін. Осындай жағдайларда Қасиетті Құран мен хадистер ұсынатын сыйақы мен жазаның мотивациясы мінез-құлықтық тәртіпке көп септігін тигізеді. Себебі базалық адами психика сыйақы мен жазалау негізіне сүйене отырып, шешім қабылдайды. Қазіргі заманғы әсерлі де танымал психолог Б.Ф. Скиннер өзінің «Beyond Freedom and Dignity» еңбегінде «дұрыс әрекет» немесе «бұрыс әрекет» ұғымына эксперимент жүргізе отырып, барлық қабылданған шешімдер «сыйақы» мен «жазалаудың» нәтижесі деп дәлелдейді. Скиннер ислам дінін көптеген ережелер мен нормалардың жиынтығы топтасқан құзырлы агенттік ретінде қарастырады, яғни адам психикасын зерттеу барысында ислами қондырғыларды «жағымды», «жағымсыз» форматта пайдаланып көрген. «Адамның ғылыми көзқарасы қызықты мүмкіндіктерді ұсынады. Адамның адамнан нені жасай алатынын әлі көрген жоқпыз» деген қорытынды береді. Скиннердің теориясын жалғастырушы Сильберман да дәстүрлі діндер мен институттар адамның мінез-құлқына, ойлау қабілетіне және эмоцияларына әсер етуі әбден мүмкін деп қолдау көрсетеді.

Адамзат ерік-жігері мен ақыл-парасаты арқылы материалды қажеттіліктеріне қол жеткізеді, әділдік пен әділетсіздіктің және адалдық пен арамдықтың ара-жігін ажыратады. Мұсылман кісінің әрбір әрекетінің ең үлкен уәжі – бұл Алланың разылығы. «Жаратушы бәрін біледі және бәрін көреді» деген сенім. Бұл сенім жүрекке орнығып, Жоғары болмыстың наразылығын тудыратын кез келген іс-әрекетті тоқтатады.

Жақсылық жасауға бағытталған ниет Алланың разылығы үшін жасалады. Әнастан жеткен хадисте Мұхаммед пайғамбар: «Алла Тағаланың: «Егер құлым Маған бір сүйем жақындаса, Мен оған бір шынтақ бойы жақындаймын. Егер ол бір шынтақ бойы жақындаса, Мен оған бір құлаш жақындай түсемін. Маған жүріп келсе, Мен оған жүгіріп келемін», – деп айтқанын жеткізді» делінген (Бұхари, Таухид, 50) хадистерді мүмкіндер әлбетте назарда ұстайды.

Исламдық тұрғыдан мотивация көп зерттелмегендіктен бұл ізденіс салыстырмалы түрде Қазақстан ғылымы үшін жаңа зерттеу саласы болып табылады. Ол Құран, хадис және сүннеттегі маңызды уәждемелік жағдайларды жан-жақты талдау барысында мотивация мәнмәтіні арқылы исламның бейбітшілікті қамтамасыз етуге қосқан оң үлесіне тоқталу жүзеге асырылған кезде нақтыланады. Адамзаттың дамуы бейбітшілік жағдайда ғана өз мәресіне жетеді деген ислами тұжырымдама он төрт ғасыр бойына ынталандыру ырғағын бір сәтке де әлсіреткен емес. Христиандық пен иудаизмнің тарихы да осы үрдістермен қат-қабат байланыста екенін заманауи батыстық зерттеушілер назардан тыс қалдырмайды. Исламдағы мотивацияның христиандық пен иудаизмдегі ұстындармен туыстық сипатта екенін естен шығармағанымыз дұрыс.

Мотивация – мақсатқа бағытталған, жол жөнекей мінез-құлықты қалыптастыратын әрекет күші. Адамның таңдаған бағытын анықтайды және неге сол бағытты ұстанғанына жауап беретін жетек құралы. Күнделікті өмірде адамдар үнемі ынталандырушы және қозғаушы факторларға тап болады. Ең әуелі отбасын қамтамасыз ету үшін жұмыс істеп, ақша табуды көздейді, егер шаршаса кезекті демалыс пен үстеме жалақыға ұмтылады. Мотивация – адамның іс-әрекетіне деген сенімділікті талап етеді, сонымен қатар жетістік факторы ретінде қызмет атқарады. Тарихи мысалдарға қарасақ, мотивацияның үлкен деңгейін танымал көшбасшылар қызметінен аңғаруға болады. Мотивациясы әлсіз адамдардың құлшынысы аз, қажеттілік иерархиясы төменгі деңгейде болады немесе қарапайым қажеттіліктерге қол жеткізуді жалғастыра береді, алайда өмірге теріс көзқараста болып, жеке табыспен шектеледі. Жалпы адамның барлығында нақты әрекеттерге қатысты ерекше қажеттіліктер мен тілектер жиынтығы болады. Осы қажеттіліктер мен тілектер – мотивацияның негізгі қозғаушы күші болып табылады. «Мотивация» сөзі латын тілінен аударғанда «қозғалу» дегенді білдіреді. Қазақ тілінде бұл термин

«ниет», «түрткі», «кірісу», «жігерлену», «ынталану» сөздерінің мағынасына жақын келеді.

Адам баласы биологиялық және психологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін көптеген мотивациялық тәсілдерге жүгінеді. Биологиялық уәждерге адамның негізгі қажеттіліктері «тамақ, су, баспана, жыныстық қатынас, ұйқы, физикалық тәуелсіздік» (Маслоу, 1999) сияқты т.б. ұғымдар жатады. Биологиялық қажеттіліктер қанағаттанарлық деңгейде болса, адамның өмір сүруі жеңілдейді. Ал, психологиялық мотивацияға жетістікке жету, басқалардан ерекшелену, айла-шарғы жасау күйлері жатқызылады. Алайда, осы екі бағытқа қарағанда діни мотивация жоғары сатыда, ізбасарларына ерекше деңгейде ықпал ете алады.

Дін адамның мінез-құлқына әсер етіп, барлық дерлік іс-әрекетінің қозғаушы күшіне айналады, адамның тұлғалық өлшемін анықтайды. Олар мыналар: «идеализм, физикалық белсенділік, қызығушылық, күш иесі болу, отбасын құру, тәуелсіз күй кешу, ар-намысты бағалау, қиялға берілу, тәртіп, әлеуметтік байланыс, үнемдеу, кек алу, әлеуметтік мәртебе мен тұрақтылық». Бұл дегеніңіз ислами пайым – адамның өмір сүру себептері мен мінез-құлқы туралы кең идеяларды ұсынады. Осы көрсетілген тапсырманы орындау үшін қажетті мотивация тұжырымдамасы мен маңыздылығын түсіну жеткілікті. Ислам діні адамның дүниеге келуінен бастап, бақилық болғанға дейінгі аралықтағы өмір сүрудің толық үлгісін көрсетеді. Іс жүзінде өмірдің барлық аспектілері Құран мен сүннетте қарастырылған. Алайда ислам дінін әртүрлі дәстүрдегі мәдениет өкілдері ұстағандықтан, осы әртүрлілікке байланысты кейбір мәселелер дауласуға болатын ой мектебін тудырады. Қоғамда өзінді қалай ұстайсың, қоршаған ортаға қатынасың қай дәрежеде, сондай-ақ еңбектің адам үшін қаншалықты маңызды екендігіне баса назар аударады. Ісіне жоғары ынталы болып, социумда сыпайылық танытқанға осы дүниелік және илаһи сыйлар тағайындалады. Биологиялық және психологиялық мотивациялар инстинкт теориясы сияқты аштық пен өлімнен қорғанудың уақытша тәсілдері ретінде байқалса, ал мотивацияның діндарлық бастаулары уақытша емес, адам санасына терең орнығып, тұрақты жағдайда болады. Алла Тағала адамды топырақтан жаратты, оған дем салды, дене мен рухының талаптарына сай ерік-жігер мен көрсеқызарлықтың арасында өзіне қажетті нұсқаларды таңдай алатын, басқа тіршілік иелерінен ерекше тұратын жоғары деңгейдегі интеллектіні қондырды. Сондықтан

Абрахам Маслоу теориясына жүгінетін болсақ, исламдық мотивация қажеттілік иерархиясын жоққа шығарады, олай болса биологиялық және психологиялық мотивация – ислам мотивациясының алғашқы кезеңдерінде жүретін процесс. Оны бөліп қарастырып, жеке бағыт ретінде талдаудың қажеті жоқ деген пікірдеміз. Ақыл мен рухы бар адам ең әуелі керек шарттылықтарды қанағаттандыру үшін психологиялық деңгейді таңдайды. Маслоудың айтуынша алғашқы қажеттіліктер қанағаттандырылғаннан кейін адам *Нәфс Аммара (Nafs Ammārah)* деңгейінен *Нәфс Лаввама (Nafs Lawwāmah)* деңгейіне өтеді. Бұл деңгейде адам физиологиялық және руханилық қажеттіліктердің арасында торға түскендей күй кешіп, таңдаудың тығырығына тіреледі. Егер адам Алла Тағаланың қалауын орындауға уәжделген болса, мотивацияның ең жоғары сатысы – өзін-өзі тануға *Нәфс ал Мутма'инна (Nafs Al Mutma'innah)* деңгейіне көтеріледі (Маслоу, 1999: 29). Қалай деген күнде де исламдағы мотивация жалпылық нышанды қамтиды, заманауи мотивациялық талаптардың кейбір сұраныстары оның шеңберіне сыймайтын кездері де болады. Мотивацияның өзі оң және теріс түрлері бар. Біреудің тарапынан мәжбүрлеу арқылы қорқыныш, қажеттіліктен – теріс мотивацияның туындауы да мүмкін (Bewley, 1999). Зерттеушілер мұны «ауыр да жағымды» категорияға жатқызады. Себебі кейде теріс уәждеменің әсері оң нәтижеге ұласуы мүмкін. Қазіргі уәждеу нәтижесінің ерекшеліктері бар, заманауи мотивация теориясы – бұл алдыңғы теорияларға қарағанда жетілдірілген тәсіл ретінде көрініс береді. Ол қазіргі психологтардың адам психологиясын зерттеу үшін, миына бақылау жасау арқылы жүргізілген эксперименттерге сүйенеді (Nitin, 2010). Нейропсихология деп аталатын бұл ғылым саласы кәсіпорын басшыларына жұмысты тыңғылықты орындау үшін мотивациялау барысында қызметкерлердің психологиясын түсінуге көп септігін тигізіп отыр.

Құдай адамға ерік бостандығын бере отырып, оның таңдауы өз қалауы бойынша жүретін балама жолдарды да ұсынады. Ол – иман әлсіздігі немесе мүлдем дінсіздік кезінде көрінеді. Діндар мен дінсіздің арасында айырмашылық бар. Ислам сеніміне сай діндар Алланың ықыласын алу үшін жоғары мақсат дәлдігін іздейді. Ақыр соңында Алла Тағала ізбасарларын жақсы білгендіктен, оларды сынау үшін оң және теріс мотивацияларды жөнелтеді. Оны тәубә ету арқылы қабылдайсың ба, жоқ әлде басқа тәсілдермен жеңесің бе, соның түрлі салаларын

көрсетіп, жол таңдаудың терезесін ашады. Олардың сенімдері олардың әрбір іс-әрекеті мен уәделерін басқарады. Алайда ерік бостандығы бар адамдар адасып, бұрыс жолға түсуі мүмкін. Мұндай жағдайда Алла Тағала тәубеге келу мен өкінішке бату арқылы тазару мүмкіндігін береді. Мұсылман сенімінде Рақымы мол Жаратушы кешірімге көпес емес, кешірімі шексіз. Ұтымды ойлауды қажет етпейтін, исламдағы қалыптасқан қондырғы – қайырымдылық жасау. Қасиетті Рамазан айында ислам өкілдері жылдық табысының аз бөлігін мұқтаждарға береді. Зекеттің есептеулі мөлшері бар және ол міндетті. Зекет беруші ішкі қанағаттанушылық теңгерімге қолы жеткізеді. Алла Тағала басшылыққа ала отырып, байлығы мен кіріс көздеріне қолдау көрсетеді деген ой қалыптастырады. Шынтуайтында заманауи мотивациялық теориялардың түп төркінін исламнан іздеген дұрыс. Бұл термин жаңалық емес, ежелден бері келе жатқан адамның инстинкті әрекетінің салдары. Адам ата мен Хауа ана мысалына қайтып оралсақ, екеуі тәубе етіп, кешірім сұрағанда Алла Тағала кешірді, бірақ жер бетінде өмір сүру белгіленді. Осы оқиғада болған барлық жағдайлар мотивация туралы түсінік қалыптастырады. Бұл шайтанның теріс уәждемесінің көрінісі. Теріс уәждеменің бұл тұжырымдамасы жамандық жасаудан сақтайды және тақуалыққа шақырады. Бұл оқиға кешірім сұрау мүмкіндігінің бар екендігіне деген үміт белгісін білдіреді. Мәида сүресінде «Кімде кім (ұрлық істеп) зұлымдық қылғаннан кейін тәубеге келіп түзелсе, Алла оның тәубесін қабыл алады. Алла шынында бек кешірімді, ерекше мейірімді» (5: 39) дейді (Құран Кәрім: 115). Исламдағы мотивацияны көрсететін тағы бір мысал халиф Омар кезінде болды. Ол Қасиетті Құранды оқып және түсінетін адамдардың азаюына алаңдап, жақсы білетіндерді марапаттап, кейінірек діни білімі жоғарыларды басқаларға үйрету үшін елші етіп тағайындап отырған. Адамдарды ынталандыруда жердегі сыйақылар жүйесін құрды.

Ертедегі мұсылман дәрігерлері халық арасында ынталандырушы рөл атқарды. Түрлі тәжірибелер жүргізді, білімнің берік негізін жасады. Ежелгі мұсылман ғалымдарының жетістіктері дәрігерлік білім алатын студенттер үшін стимул болды. Мысалы, Рей мен Бағдад ауруханаларының басшысы бола жүрып, Әбу Бәкр әр-Рази студенттер өнеге алатын әртүрлі еңбектер жазды. Әйгілі мұсылман дәрігері Ибн Сина кәсіби ортаның өсуіне үлес қосты, туберкулез бен қант диабетін т.б. ауру түрлерін зерттеді. Философия, математика, химия сияқты ғылым

салаларында тәлімгерлер үшін үлгі болды. Әбу әл-Касым аз-Захрави фармакология, хирургия, онкология және анатомия білгірі болды, жатырдан тыс жүктіліктің болатынын бірінші болып анықтаған. 200-ге жуық хирургиялық аспаптар ойлап тапты. *Китаб әт-Тасриф* (*Kitab at-Tasrif*) еңбегі хирургия бөлімі студенттерінің оқулығы ретінде жүрген. Әбу Маруан ибн Зухр болса тамақтану мен гигиена туралы терең айналысып, пневмония, құлақтың қабынуы, қышыма т.б. ауруларды зерттеп, шәкірттері үшін оқулықтар жазған. Ибн Рушдтың әл-Куллиат (*al-Kulliyat*) шығармасы медицина саласына қомақты үлес қосты, кейін Еуропа жоғары оқу орындарында оқытыла бастады. Ибн ән-Нәфис қан айналымы саласында жаңалықтар ашты. Осындай ашылымдар өз заманының жастарын селт еткізбей қоймады.

Алланың хабарын жеткізушілер пайғамбарлар деп аталды және олар адамдардың арасынан тақуалығы мен ізгілікті істері үшін таңдалды. Мұхаммед – Алланың соңғы елшісі, Араб түбегіндегі Меккеде 570 жылы дүниеге келген. Меккедегі Ка'ба ол заманда пұтқа табынудың маңызды орталығы болды. Бұл ғимараттың ішінде үш жүзден аса пұттардың сақталғандығы айтылады. Пұтқа табынушы тайпалар арасында су ресурстары мен діни ғибадат бағытында үстемдік ету үшін алауыздық кең етек жайды, құмар ойындар, ішімдік ішуге шектеу болмады, әйелдер кез келген құқықтар мен экономикалық қамсыздандыру тұрғысында еркекке тәуелді еді. Пайғамбардың келуімен жағдай өзгерді. Жұма сүресінде «Алла надандарға өз іштерінен Алланың аяттарын оқып, ұғындыратын, (күнәлардан) пәктейтін, кітапты (Құранды), хикметті үйрететін бір пайғамбар жіберді. Оған дейін олар ашық еді» (62: 2) (Құран Кәрім: 554) деп түсіндіреді. Алла Тағала мен елшісіне мойынсұну тәртібі енгізілді.

Жаннатқа сену – мұсылманның парызы. Жаннаттың сұлулығы мен берекеттері олар үшін игі істер жасауға, Алла Тағала мен елшісінің ілімдерін ұстануға түрткі болды. Ақыретте алатын ләззаттары үшін ынталанды. Сахаббалардың дәрежесі анықталды. Әли-Ғимран сүресінде «Талай пайғамбарлар және көптеген құдайшыл ғұламалар бірлікте соғыс ашты. Олар құдай жолында кездескен қиындықтарға босаңсымады. Әлсіздік істемеді, бас имеді, Алла сабыр етушілерді жақсы көреді» (3: 146) (Құран Кәрім: 69) деген айғақты дәлел келтіріледі. О дүниедегі әсемдік пен байлықтың қол жетімділігі туралы «Әне, соларға іргесінен өзен ағып жататын

Ғадын жаннаты бар. Олар онда алтыннан білезік салады, қалың және жұқа жасыл жібектерден киім киеді, арқалы орындықтарға сүйеніп отырады. (Міне бұл) неткен жақсы сый, неткен жақсы орын» (18: 31) (Құран Кәрім: 298) екені Каһф сүресінде баяндалады. Мұсылмандар үшін тозақ – теріс мотиватор. Ислам дінінде Жаратушы мен жаратылыс арасында тығыз байланыс бар. Жаратушы адамды, періштені, жынды, табиғатты жаратты. Өз кезегінде бұлар Алланың заңдылықтарына бағынып, ұсынылған үлгі бойынша жүргені дұрыс. Алайда адам тандау еркіндігіне ие. Мұсылмандарға әрекет ету еркіндігі берілгенімен, ол әрекеттердің салдары ескертіледі. Сондықтан олардың жаратушыға сүйіспеншілігі игі істер арқылы береке мен рахат көруге ұмтылдырады. Алайда тозақтың болуы мен ондағы қорқынышты жазалар да мінез-құлқына терең әсер етеді. «Тозақ күтіп тұрады. Ол азғындардың барар тұрағы. Олар онда сансыз ғасырлар бойы тұрады. Олардың онда не бір салқынға, не бір сусынға қолдары жетпейді. Қайнап тұрған су мен ірің ғана ішеді» (78: 21-25) (Құран Кәрім: 583) деп тозақ суреттемесі Қасиетті Құранның Нәба сүресінде айтылады. Исламда ақырет өмірі де ынталандыру көзі деп айтуға болады. Ол діннің негізгі ұстанымдарының бірі. Мұсылмандар жердегі өмірді уақытша деп санайды және жер бетіне мәңгілік өмірге дайындалу үшін жіберілгендігін мойындайды. Қасиетті Құран бейбітшілік пен әділдік орнатуды және соған апаратын дұрыс жолмен жүруді бұйырды. Демек, мұсылман адам ислам ілімдеріне қарсы шықпауға, Алла Тағаланың басшылығына бағынуға шақырылады. Жаман істер жасамау туралы ескерту жасалады, керісінше болған жағдайда тозақ отына кіреді. «Біреу Аллаға және оның елшісіне қарсылық қылса, оның тозаққа түсіп, онда мәңгі қалатынын олар білмей ме? Қорлықтың үлкені – эне, сол» (9: 63) (Құран Кәрім: 198). Қасиетті Құранда тозақ отының қаншалықты ауыр болатындығы жайлы жиі айтылғандықтан, тозақ қорқынышы мұсылмандарды жақсылық жасауға, ислам іліміне қарсы шықпауға итермелейді.

Креативті ойлау жүйесі

Алдыға ұмтыла білу қабілетіне ие және болашаққа лайықты мақсаттар қоя білген адамның өмірі мағыналылығы жоғары екендігі барлық мотивациялық еңбектер мен кітаптардың негізгі тақырыбына айналып үлгерді. Осыған керісінше мақсат болмаса, өмір мәнсіз көмескі сипатта болуы мүмкіндігі жоғары екендігі де ең жиі қозғалатын тұжырымдаманың бірі. Ал,

қазіргі кездегі мақсат пен адам тіршілігінің мотивациялық тұстарын ашу діндар жастардың креативтілік қабілетін дамытуға мол мүмкіндік береді. Алладан келген «оның еңбегінің нәтижесі де алда көрінеді. Содан соң оған сыйлығы, не жазасы толық беріледі» (53: 40-41) (Құран Кәрім: 528) деген аятта әрбір белсенділіктің жазасы мен сыйы бар екендігі баяндалады. Заманауи мұсылман жастары бедел мен ақша туралы ғана ойламауы, керісінше кемелділікке жету жолын іздеуі маңызды. Болашақ үшін еңбек ете отырып, оның ілгері болуына үлес қосу ғажап шешім болар еді. Құранда былай делінген: «Әр адам өз еңбегінің ғана нәтижесінде қол жеткізеді» (53: 39) (Құран Кәрім: 528). Бұл жердегі мәтіннің негізгі мағынасы «ұмтылыс». Ұмтылыстың түрлері көп, мысалы «көптің бірі болу», «танымалдылыққа ұмтылу», «беделді болуды армандау», «бай болу», «қоғамның дамуына үлес қосу», «ақиқатты тану» т.б. Ең маңыздысы ұмтылыстың болуы, сонымен бірге дамудың келесі сатысы келе береді. Сол үшін жоғары мақсаттарды белгілеудің, сол арқылы ой мен қиялдың шеңберін кеңейтудің қажеттілігі ортаға шығып отыр. Мысалы, адам үлкен жоба бастаса, алайда ол сәтсіз аяқталып, күтілген нәтижеге қол жеткізілмесе. Ұжым еңбектің жемісі мен нәтижесіне қарай бағалайды. Ал, жобаға жұмсаған күш, қажыр-қайрат пен уақыт есепке алынбайды. Себебі күтілген нәтиже көзге көрінбеді. Мұндай жағдайда жобаға жауапты тұлға марапатқа ие болмасы анық. Керісінше жобаға бөлінген қаржыны ақтамағаны үшін жұмыстан босатылуы немесе шығынды өтеуі мүмкін. Ал, ислам тұжырымдамасында ақыр заман күні Алла Тағала жұмыстың нәтижесіне ғана қарамайды, ұмтылысты да бағалайды. Ұмтылыс пен қалау адамдардың көзіне көрінбеуі мүмкін, адамдардың көбі оны елемейді де. Әлбетте мұсылман өкілі оны «Алла Тағала көріп тұр, біздің қосқан үлесті сол ғана байқайды! Еңбегімді ешкім бағаламады деп күйзеліске түсу қателік, себебі біз шайтанның азғыруында болып, соның келемежіне құрбан болудамыз. Жалқаулықты доғарып, ақталудан құтылу керек!» деп қабылдайды. Сондықтан, мұсылман адамның ұмтылысы әртүрлі кедергілерге қарамастан Жаратушының бақылауын ескере отырып жол табуды бағыттады. Ал, жол табу дағдысы креативтілік қабілетпен тікелей байланыстағы ұғым. «Өмірді креативті түсіну үшін адамға батылдық пен күш керек. Креативтілікке арналған көптеген зерттеулер батылдықтың белгілі бір нұсқаларына назар аударады: бұл тәуелсіз болу,

кемелділік, мінездің беріктігі т.б. Адам бұдан былай басқалардың көңілінен шығуға, таны-мал болмай қалам-ау деп қорықпайды» (Маслоу 1999: 80).

Уақыт бір орнында тұрмайды. Оны бағалай отырып, орынды жұмсауды ислам ілімі де назардан тыс қалдырмайды. Ислам ғұламалары қалдырған мағыналы дәйексөздерге мән берсеңіз олар үшін уақытты үнемдеуге не себеп болғанын, қазіргі тілмен айтқанда – мотивациясы не болғанын байқайсыз. Ойшылдардың білімге құштарлығы – шыңға шығуына түрткі болған. Мұндай сипаттағы мотивация – ислам сенімінде «Алла Тағаланың мүміндерге қалаған игілігі негізінде нәсіп болады». Уақыт мотивациясы мен діннің ұштасуы жастардың өз өмірін мағыналы өткізуге жол бастайды. «Бұл қасиетке сабырлылар ғана қол жеткізе алады. Бұл қасиетке ұлы несібе иелері ғана қол жеткізе алады» (478: 35) (Құран Кәрім: 481) деген растама Фузилат сүресінде берілген. Уақыт көкжиегін анықтау мен уақыт өлшемінің шексіз еместігін білу – мотивациялық ынталандыру арқылы ой-өрісті кеңінен қолдана отырып іс атқаруға тартады.

Қазіргі ағылшынша «time management» – уақыттыңды басқару, оны пайдалану тиімділігін арттыру технологиясы деп айтып жүргеніміз жаңашылдық емес, бұл қағидаттың тұжырымдамасы «адам бірде-бір сәтін құлшылықтан өзге бос нәрсемен өткізіп алмауы үшін, уақыттың қадірі мен оның мәнін түсінуі тиіс. Ісі мен сөзінің ішінен алдымен ең маңыздысын орындау қажет. Мұсылман ниеті – амалынан хайырлы» екенін Құран мен хадистер әуелден бастап жүйелеп берген. Мұхаммед пайғамбар өз уақытын ұтымды пайдалана білудің үлгісін көрсетті. Егер уақытты басқару призмасы арқылы мәртебелі Мұхаммедтің өміріне қарасақ, негізгі төрт қағиданы көруге болады: 1. Уақыттың құндылығын түсіну, сондықтан әрбір бос уақытты тиімді пайдалану. 2. Барлық мәселелерде өзінің пайғамбарлық миссиясын басшылыққа алу, осыған негізделген кез келген қызметті жоспарлау кезінде маңызды ойлар мен басымдықтарды құру. 3. Уақытты басқару саясатын құру. 4. Барлық тапсырмаларды уақытында жоспарлау және орындау. Уақыттың құндылығы Құран Кәрімнің көптеген аяттары мен пайғамбардың сөздерінде баса айтылған: «Ғасырмен ант! Иман келтіріп, игі істер істеген, бір-біріне ақиқатты, сабыр-тақатты өсиеттеген адамдардан басқаның барлығы зиян келтіреді» (103: 1-2) (Құран Кәрім: 603). Уақыт туралы тағы бір анықтама Меккеде түскен Зұха сүресінде

«Сәске уақытымен серт; Тым-тырыс кездегі түнмен серт!» (93: 1-2) (Құран Кәрім: 597) деп айтылады. Пайғамбарлық миссия басталғаннан кейін Мұхаммед пайғамбар бүкіл өмірін ислам дінін таратуға бағыттады. Оның өмірінің басты мақсаты – исламға қызмет ету және адамзатқа оның хабарын жеткізу еді. Бұған мынандай аспект кірді: әуелі өзінің жеке тұлғалық рухани жетілуі және үлгі боларлық іс-әрекеттері арқылы басқаларды сенімге шақыру. Аса құрметті пайғамбардың басымдылығы Қасиетті Құранның өсиеттері мен Алламен жеке қарым-қатынасы негізінде құрылды. «Ол мындаған серіктері жиналған соңғы қажылықтағы қоштасу уағызында: «Сіз менің Алланың елшісі ретінде миссиямды орындағаным туралы куәлік етесіз бе? деп сұрады. Әрине бірауыздан «йә» деп дауыстады».

Мұхаммед пайғамбардың немере інісі Ибн Аббас жеткізген хадистердің бірінде: «Жексенбі – тұқым себу және құрылыс салу күні, дүйсенбі – саяхат, сейсенбі – қан тапсыру, сәрсенбі – садақа беру, бейсенбі – әкімдерге жеке сұрақтар қою күні, жұма – үйлену тойы және отбасымен бірге уақыт өткізу, жексенбі – тамақ үшін аң аулау күні» (Сахих әл Бухари хадистері) деп кесте жасалған. Алайда, қазіргі кезде ғұламалар бұл хадисті бұлжытпай басшылыққа алуға шақырмайды. Алайда, хадис белгілі бір қызмет түрлеріне негізделген, апта күндерін бөлу идеясына нұсқайды. Тағы бір хадисте «әр дүйсенбі сайын білім ал» делінген (Феиз әл-Қадр, Мунауи). Уақытты тиімді пайдалануға бағыттауы хадистер көптеп кездеседі. Пайғамбардың уақытты басқаруы туралы егжей-тегжейлі ақпаратты күнделікті өмірінен алуға болады. Оның кейбір іс-әрекеттері тұрақты немесе төтенше сипатта болды. Төтенше немесе стихиялы шараларға – елшілерді немесе түрлі тайпалардың өкілдерін қабылдау, негізгі қажеттіліктерге байланысты жиналыстар, бейтаныс адамдарға көмек көрсету т.б. Егер бір адам Мединеде бірнеше күн тұра алатын жағдайы болса, онда оның пайғамбармен кездесуі жоспарланған кесте тізіміне енгізілген, ал бір күннен артық қала алмайтындарды кезектен тыс қабылдайтын болған. Мұны Таиф тайпасы өкілдерін қабылдау туралы әңгіме растайды. Бұл тайпаның өкілдері Мединеде біраз болғандықтан, олармен әр түнгі намаздан кейін кездесіп, сөйлесті. Бірде пайғамбар олармен кездесуді бір түнге кейін қалдырған кезде олар «О, Алланың елшісі! Неге сіз бізге әдеттегі уақытта келмедіңіз, кешіккеніңіздің себебі неде?...» (әл-Асир) сияқты мәтіндерден қорытынды жасауға болады.

Исламда намаз оқудың белгілі бір уақыттары белгіленген, әрі сол уақытында орындалуы керек. Осыған орай пайғамбар: «Мұсылманның ең жақсы амалы – мінәжат ету уақыты». Шариятқа сай намазды уақытынан кешіктіруге болмайды. Мұндай нақтылық мұсылман адамға уақыттың құнын түсінуге мүмкіндік береді. Сахабалардың жазбаларында Мұхаммед пайғамбардың күндізгі және түнгі қызметі жоспарланып, сол режиммен жүретіні баяндалады. Жалпы мұсылман емес әлем өкілдері Мұхаммед пайғамбардың өмірі туралы аз біледі, көбінесе соғыс алаңында өткізді деген түсінік қалыптасқан. Алайда бұл шындықтан алыс. Хадистерді бағалай отырып, мәртебелі пайғамбардың уақытын басқару тәсілі арқылы қандай қызмет атқарғанын түсінуге болады. Оның өмірінің көп бөлігі дұға жасауға, қоғамдағы және отбасындағы мәселелерді шешуге арналды. Өз уақытына ұқыпты болды, ысырап жасамауды басқаларға ескертті. Сарапшылар оның өмірінің барлық аспектілерін тайм-менеджменттің негізгі қағидаттарына пайдалануды ұсынады.

Қорытынды

believe that, for today’s Kurds, realistic expectations, or even ultimate expectations, are simply striving for national rights in the country where they live and equal national status. In any case, a qualified state needs to protect civilians and provide security, and if it fails to respond to other armed threats, including terrorism, it will also mean a state failure. The state is the form of political organization that is most conducive to promoting economic development, improving social security, and protecting people in the territory from external dangers under the current world structure (Lachmann, 2010: 130). For those ethnic minorities struggling in long-term turbulent and war-torn environments, longing for long-term peace, it will always be a political ideal for them to build a nation.

Conclusion

In the post-ISIS period, the extraterritorial and intraregional political forces’ current security governance measures to curb religious extremist violence have had a certain effect. Local nationalist political forces have chosen to weaken religious external expression and participation. In the long run, overly suppressing the expression of beliefs implies the possibility of escalating religious security threats. If the successive policy makers regard conservative and radical voices as only a manifestation of minority diversity, and preserve them in the process of postwar reconstruction and shaping public policy under the framework of pluralism, then it can only be a serious hidden danger for the future political structure. National hatred and revenge on religious violence are far from over and post-war reconstruction in conflict areas will obviously be a long process. De-religious nationalism in order to de-polarize will likely have a profoundly negative impact on the regional security situation.

References

- Ali Muhammad Naqavi. (1984) translated by Alaedin Pazargadi, *Islam and Nationalism*, Tehran: Islamic Propagation Organization, p. 38.
- Ali Nehme Hamdan, (2016) “Breaker of Barriers? Notes on the Geopolitics of the Islamic State in Iraq and Sham,” *Geopolitics*, Feb. 29, p. 606.
- Amal Ghazal, (2015) “Tension of Nationalism: The Mzabi Student Missions in Tunis and the Politics of Anticolonialism,” *International Journal of Middle East Studies*, Vol. 47, No. 1, p. 59.
- Ariane Chedel d’Appollonia, *Les frontières du racisme*, Paris: Presses de Science Po, 2011, p. 95.
- Benedict Anderson, (1998) *The Spectre of Comparisons: Nationalism, Southeast Asia, and the World*, New York: Verso, p. 360.
- Clifford Geertz, (2017) *The Interpretation of Cultures*, New York: Basic Books, p. 155.
- Daniel L. (2006) Byman and Kenneth Pollack, “What Next?” *Washington Post*, August 20, p. 801.
- David Westerlund and Carl F. Hallencreutz eds. (1996) *Questioning the Secular State: The Worldwide Resurgence of Religion in Politics*, London: Hurts and Company, p. 4.

- E. Gellner, (2006) *Nations and Nationalism*, Oxford: Blackwell; Ithaca: Cornell University Press, p. 1.
- Eric Hobsbawm, (2012) *Nation and Nationalism Since 1780*, Cambridge University Press, pp. 89-90.
- Günther Schlee, (2008) *How Enemies Are Made: Towards A Theory of Ethnic and Religious Conflict*, New York: Berghahn Books, p.124.
- Harold R. Isaacs, (1997) *Idols of the Tribe Group Identity and Political Change*, Cambridge: Harvard University Press, pp. 144, 171.
- Hedley Bull, (1997) "The Revolt against the West," in Hedley Bull and Adam Watson eds., *The Expansion of International Society*, Oxford: Clarendon Press, 84, p. 217.
- Ibrahim Al-Marashi, (2005) "Iraq's Constitutional Debate," *Middle East Review of International Affairs*, Vol. 9, No. 3, p. 156.
- Ioannis N. (2012) Grigoriadis, *Instilling Religion in Greek and Turkish Nationalism: A "Sacred Synthesis"*, Basingstoke: Palgrave Macmillan, p. 70.
- Jack Snyder, (2000) *From Voting to Violence*, New York: Norton, p. 58.
- Jeff Haynes, (1994) *Religion in Third World Politics*, Milton Keynes: Open University Press, p. 3.
- Jonathan Fox, (2004) *Bringing Religion into the International Relations*, New York: Palgrave Macmillan, p. 26.
- Jordi Tejel, (2009) Translated by Emily Welle and Jane Welle, *Syria's Kurds: History, Politics and Society*, London: Routledge, p. 95.
- Marc Lynch, (2007) "Anti-Americanism in the Arab World," in Peter J. Katzenstein and Robert O. Keohane, eds., *Anti-Americanism in the World Politics*, Ithaca: Cornell University Press, p. 196.
- Mark Juergensmeyer, (1996) "The Worldwide Rise of Religious Nationalism," *Journal of International Affairs*, Vol. 50, Issue 1, Summer, pp. 2-4.
- Mark Juergensmeyer, (2018) "Thinking Sociologically about Religion and Violence: The Case of ISIS," *Sociology of Religion: A Quarterly Review*, Vol. 79, No. 1, p. 20.
- Maurizio Viroli, (1997) *For Love of Country: An Essay on Patriotism and Nationalism*, Oxford: Oxford University Press, p. 2.
- Michael J. Totten, (2018) "No, The Syrian Kurds are not Terrorists," *World Affairs*, January 31, <http://www.worldaffairsjournal.org/blog/michael-j-totten/no-syrian-kurds-are-not-terrorists>.
- Michael Jerryson, (2010) "Introduction," in Michael Jerryson and Mark Juergensmeyer, eds., *Buddhist Warfare*, New York: Oxford University Press, pp. 4-9.
- Michael T. Hoffman and Elizabeth R. Nugent, (2015) "Communal Religious Practice and Support for Armed Parties: Evidence from Lebanon," *Journal of Conflict Resolution*, Vol. 61, No. 4, p. 894.
- Michael Walzer, (2015) *The Paradox of Liberation: Secular Revolutions and Religious Counterrevolutions*, New Haven: Yale University Press, pp. 1, 104.
- Peri-Khan Aqrabi-Whitcomb, (2015) "Secularism: Essential to Kurdish Identity," *Kurdistan24*, November 22, <http://www.kurdistan24.net/en/news/828209b9-b737-4253-88b2-af0e4e53dba1/Secularism--essential-to-Kurdish-identity>.
- Peter van der Veer, (1994) *Religious Nationalism: Hindus and Muslims in India*, Berkeley: University of California Press, p. 70.
- Philip Issa, (2018) "Syrian Government Raises its Flag over Cradle of 2011 Revolt," *Associated Press News*, July 12, <https://apnews.com/119b758e3e224491a9ecf7e3bf26692b>.
- Randall L. Schweller, (2006) *Unanswered Threats: Political Constraints on the Balance of Power*, Princeton, N.J.: Princeton University Press, pp. 150-151.
- Richard Lachmann, (2010) *States and Power*, Cambridge: Polity, p. 130.
- Richard Ned Lebow, (2008) *A Cultural Theory of International Relations*, Cambridge: Cambridge University Press, p. 439.
- Robert O. Keohane and Peter J. Katzenstein, (2007) "The Political Consequences of Anti-Americanism," in Peter J. Katzenstein and Robert O. Keohane, eds., *Anti-Americanism in the World Politics*, Ithaca: Cornell University Press, p. 282.
- Simon Haddad, (2017) "Accounting for Lebanese Muslims' Perspectives on the Islamic State (ISIS): Religious Militancy, Secularism and Personal Attribution," *Defense & Security Analysis*, Vol. 33, No. 3, p. 257.
- Siping Tang, (2013) *The Social Evolution of International Politics*, Oxford University Press, p. 131.
- Tamer El-Ghobashy and Paul Sonne, (2018) "U.S. Disbands Command Overseeing American Ground Force in Iraq, As Major Combat Against ISIS Ends," *The Washington Post*, April 30.
- Yuan Zhang, (2014) *Religion's Functional Unit and Regional Conflict*, Shanghai: Shanghai People's Publishing House, p. 216.
- "Declaration on the Granting of Independence to Colonial Countries and Peoples (Adopted by General Assembly Resolution 1514 (XV) of 14 December 1960)," UN, <http://www.un.org/en/decolonization/declaration.shtml>.

Б. Ниетбаева Ардахан Университеті, Түркия, Ардахан қ.
e-mail: bayan.zheldibay@gmail.com

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ КИІЗ ҮЙ ТӨСЕНІШ БҰЙЫМДАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ОЮ-ӨРНЕКТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ НАНЫМ-СЕНІМДЕР

Ғасырлар бойы иен даланы мекендеген қазақ халқы көшпелі өмір сүрген және олардың күнкөріс кәсібі мал шаруашылығына негізделген. Осыған байланысты түйе, жылқы, сиыр және қой асырау арқылы олардың сүтін, етін, жүні мен терісін пайдаланған. Сондықтан, оңай құрастырылып-ажыратылатын киіз үйлерді тұрақ етіп, өздеріне қажетті қолөнер түрлерін меңгерген. Қазақ халқының қолөнер түрлерінің ішінде киіз үй төсеніш бұйымдары және бұл бұйымдарда қолданылатын ою-өрнектер маңызды рөл атқарады. Ғалымдардың пайымдауынша, ою-өрнектер адамдардың өзара қарым-қатынас жасау құралдарының бірі болып табылады. Қазақ халқы мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан өзінің тілін, дінін, наным-сенімі мен салт-дәстүрін сақтап келген. Олардың қолөнер бұйымдарындағы ою-өрнек үлгілерінің элементтерінде ай, жұлдыз, күн сияқты аспан денелері, бір кездері тотем ретінде пір тұтқан құстар мен жануарлар және олардың дене мүшелері, ағаш, гүл, дәнді дақыл сияқты өсімдіктер және шаршы, ромб тәрізді геометриялық фигуралар көрініс тапқан. Сондай-ақ, әрбір ою-өрнектің, тіпті бұл өрнектерде қолданылатын сандардың тотемизм, магия және салт-дәстүрге байланысты мағыналары бар. Осыған орай, бұл зерттеу жұмысының мақсаты ата-бабамыздан келе жатқан қолөнер, оның ішінде киіз үй төсеніш бұйымдарындағы ою-өрнектерге қатысты наным-сенімдердің мәнін ашу.

Түйін сөздер: киіз үй төсеніш бұйымдары, ою-өрнек, наным-сенім, тотемизм, магия.

B. Niyetbayeva

Ardahan University, Turkey, Ardahan
e-mail: bayan.zheldibay@gmail.com

Beliefs related to the ornaments of felt and woven carpets in the yurts of Kazakh people

For many centuries, Kazakh people inhabited endless steppes and led a nomadic lifestyle. Cattle breeding was the foremost means of their subsistence. They grew camels, horses, cows, and sheep and used their milk, meat, wool and leather. They lived in portable felt accommodations and mastered handicraft necessary for their livelihood. Felt and woven carpets, the ornaments as well used in these carpets played a significant role among the other types of handicraft. According to scientists, ornaments were applied as a means of communication between people. Kazakh people preserved their language, religion, beliefs and traditions for thousands of years. The ornaments of handicraft products of Kazakh people are particularly classified into four groups; cosmogonic patterns (sun, star, moon), zoomorphic ornaments (animals, birds) considered as totems, floral ornaments (wood, flower, grain), and geometric ornaments (square, rhombus). Additionally, each ornament and the numbers used in these ornaments acquire with the meanings related to totemic symbols, magic and traditions. Therefore, the main purpose of the given work is to reveal the essence of the ornaments of felt and woven carpets related to the beliefs of our ancestors.

Key words: felt and woven carpets, ornament, belief, totemism, magic.

Б. Ниетбаева

Университет Ардахан, Турция, г. Ардахан,
e-mail: bayan.zheldibay@gmail.com

Элементы религиозных верований, используемых в орнаментах войлочных и тканых ковров в юртах казахского народа

На протяжении многих веков казахи населяли бескрайние степи и вели кочевой образ жизни, а скотоводство являлось основным средством существования. В основном они разводили верблюдов, лошадей, коров и овец, а также использовали их молоко, мясо, шерсть и шкуру. Они проживали в переносных жилищах и в связи с этим осваивали необходимые ремесленные изделия. Среди ремесленных изделий казахского народа важное место занимают войлочные и тканые ковры, а также орнаменты, которые используются в этих изделиях. По мнению ученых,

орнамент является одним из средств коммуникации. Казахский народ сохранил свой язык, религию, верования и традиции на протяжении тысячелетий. В ремесленных изделиях казахского народа в основном использовались элементы космогонического орнамента (солнце, звезда, полумесяц), зооморфного орнамента (животные, птицы), которые когда-то считались тотемами, растительного орнамента (дерево, цветок, зерно), а также геометрического орнамента (квадрат, ромб). Кроме того, каждый орнамент, а также числа, используемые в этих орнаментах, имеют значения, связанные с тотемизмом, магией и традициями. В связи с этим целью исследования данной работы является раскрытие сущности орнаментов войлочных и тканых ковров, относящихся к верованиям наших предков.

Ключевые слова: войлочные и тканые ковры, орнамент, верование, тотемизм, магия.

Кіріспе

Қазақ халқының тарихы мыңдаған жылға ұласады. Осынау иен далаға ие болған, ата-бабаларымыз өз алдына мемлекет құрып, тілін, наным-сенімі мен салт-дәстүрін сақтап келеді (Кенжеахметұлы, 2013: 46). Ежелден бері, қазақ халқы тұрмыс-тіршілігінің мал шаруашылығына негізделуіне байланысты басқа түркі халықтары сияқты көшпелі өмір сүрген. Осыған орай, оңай құрастырылып-ажыратылатын киіз-үйлерде тұру арқылы өздеріне қажетті барлық қолөнер түрін жетік меңгерген (Niyetbay, 2019: 27).

Киіз үй – тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі, тіпті оған көршілес елдердің де тұрақ жайы болған. Шығу тарихы біздің заманымызға дейінгі ғасырларда пайда болған киіз үйді халқымыз қасиетті, киелі қара шаңырақ деп дәріптейді. Себебі киіз үй қазақтың тұрағы, құтты мекенжайы, еншісі, баспанасы, мүлкі, мақтанышы деп бағаланады. Ғұламалар айтып кеткендей, осы киіз үйден қазақ халқының аспан әлеміне, есептеу жүйесіне, мәдениет пен өнердегі талғамы, жалпы өмір тәжірибесіндегі іске бейімділігі байқалады (Кенжеахметұлы, 2013: 182).

Киіз үйдің киіз жабдықтарына *туырлық*, *үзік*, *түндік*, *дөдеге* тәрізді киізден басылған сырткііздер мен *тұс киіз*, *текемет*, *сырмақ* сияқты ішкііздер жатады. Сырткііздер киіз үйдің сыртынан жабылып, үйді желден, ыстық-суықтан, күн сәулесінен, қар мен жаңбырдан қорғап тұрған. Ішкііздер *тұс киіз* және *төсеніш киіздер* деп ажыратылады. Тұс киіз – қабырғаға тұтылатын ою-өрнекті, сәнді бұйым болса, төсеніш киіздер – жерге төселетін *киіз*, *текемет*, *сырмақ* деп аталатын бұйымдар. Тұс киізді керегенің ішкі жағынан жылы болуы үшін, әрі үйге сән беру үшін тұтқан. Төсеніш киіздер жерден сыз өтпеу үшін шидің үстіне төселген. Ол қазіргі ағаш еденнің қызметін атқарған (Әлімбаев, 2012: 113). Сондай-ақ киіз үй бұйымдары түкті және тақыр кілем түрлерімен қатар үйдің сәнін келтіретін бау-басқұрлардан

тұрған. Бұл бұйымдардың барлығы дерлік сан түрлі ою-өрнектермен әшекейленген.

Негізінен ою-өрнек – ежелгі замандардан бері халқымыздың тарихымен бірге ілгерілей дамып отырған өнердің өте көне, әрі күрделі түрі. Бұл өнердің ең көне үлгілері тарихта «андронов мәдениеті» деген атпен белгілі дәуірден бастау алады. Ол дәуір шамамен б.з.д. 2 мыңыншы жылдарға тура келеді (Шоқпарұлы, 2005: 13). Ою-өрнек өнері ежелден-ақ қазақ халқының рухани құндылығы болды. Көшпелілердің табиғатпен байланысы барысында қалыптасқан бұл өнер олардың көркем ойлауын білдірді. Қазақтың дәстүрлі ою-өрнегі халықтың көркемдік-тарихи жадының феномені ретінде шаманизм, пұтқа табынушылықтың элементтері мен символдарын сақтай отырып, сан ғасырлар бойы дамып келді (Солтанбаева, 2016: 102).

Халық шеберлері ою-өрнек үлгілерінің элементі ретінде өзін қоршаған табиғат аясындағы құбылыстарды кеңінен пайдаланған. Сол сияқты халық ұғымына сіңіп қалған әдет-ғұрып, салт-дәстүр, наным-сенім де ою-өрнек өнерінің өрісін кеңейтуге ықпал етіп отырған (Шоқпарұлы, 2005: 15). Ою-өрнектер наным-сенімдермен бірге қазақтардың бұрынғы тұрмыс-тіршілігін, жалпы материалдық және рухани мәдениетін бейнелейді. Ою-өрнектердің идеялық мазмұнының байлығы мен композициялық құрылымдарының семантикалық ерекшеліктері оюдың барлық түрінде сақталған (Әлімбаев, 2013: 664). Зерттеушілердің пайымдауынша, мыңдаған жылдық тарихы бар ою-өрнек атаулары 400-ден асады (Шойбеков, 2006: 19).

Осы тақырып бойынша зерттеу жұмысы барысында, қазақ халқының киіз үйі туралы қалам тартқан Ө. Жәнібековтің “Жолайырықта” (1995) атты еңбегі, қазақтың салт-дәстүрлері туралы жазған С. Кенжеахметұлының “Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары” (2013) атты кітабы, қолөнер және киіз үй төсеніш бұйымдарындағы ою-өрнектер мен наным-сенімдерге қатысты Ә.Х. Марғұланнның “Казахское

народное прикладное искусство” (1986), С. Қасимановтың “Қазақ халқының қолөнері” (1995), Д. Шоқпарұлының “Қазақтың қолөнері” (2005), Р. Шойбековтің “Қазақ тілінің қолөнер лексикасы” (2006), Г. Солтанбаеваның “Мәңгілік Өнер: Ою-өрнек Тарихы” (2016), Д.С. Болысбаев және басқаларының “Ұлттық ою-өрнектің табиғаты мен наным-сенім ерекшеліктері” (2017) атты жұмыстары мен ғылыми редактор және жоба жетекшісі Н. Әлімбаидың ұйымдастыруымен жарыққа шыққан 5 томдық “Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі” (2012-2013) атты энциклопедиясының 3-4 томдары, сондай-ақ А. Schimmel, “Sayıları Gizemi” (The Mystery of Numbers) (1998), М. Eliade “Şamanizm. İlkel Esrime Teknikleri” (2006), В. Deniz “Türk Dünyasında Halı ve Düz Dokuma Yayıları” (2000), N. Görgünay-Kırzioğlu “Altaylar’dan Tunaboyu’na Türk Dünyası’nda Ortak Yanışlar (Motifler)” (2001), М. Karataş “Türk Dilinde Yanış (Motif) Adları” (2013) атты шет елдік ғалымдардың шығармалары пайдаланылды.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Сан ғасырлар бойы атадан-балаға жалғасып келе жатқан дәстүрлі өнердің ішінде ою-өрнектер ерекше орын алады. Осы ою-өрнектерді бір кездері қазақ халқы, өзге халықтар секілді өздерінің тұрмыс-тіршілігіне қажетті бұйымдарға бейнелей отырып, өзара қарым-қатынас жасау құралы ретінде қолданған, әрі осы өнерлерін кейінгі ұрпаққа қалдырып отырған. Қазақ халқының ою-өрнектерінің, соның ішінде киіз үй төсеніш бұйымдарында әшекейленген ою-өрнектерінің қалыптасуына қоршаған орта, халықтың наным-сенімі, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы да өз септігін тигізген. Осыған орай, ата-бабамыздың наным-сеніміне байланысты пайда болған ою-өрнектердің, әсіресе киіз үй төсеніш бұйымдарында көрініс тапқан ою-өрнектердің маңызы зор. Бұл зерттеу жұмысының мақсаты киіз үй төсеніш бұйымдарындағы ою-өрнектерге қатысты наным-сенімдердің мағынасын айқындау болып табылады. Осыған байланысты бірнеше міндетті атап көрсетуге болады: 1. Ою-өрнектерді, соның ішінде киіз үй төсеніш бұйымдарында қолданылатын ою-өрнектерді бірнеше топқа жіктеу; 2. Киіз үй төсеніш бұйымдарында қолданылатын ою-өрнектерге қатысты наным-сенімдердің мәнін ашу; 3. Ұлттық құндылығымыздың бірі болып саналатын ою-өрнектердің маңызын ары қарай дамыту мақсатында келешек ұрпаққа насихаттау.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Халықтың басынан кешірген тарихи кезеңдерінде наным-сенімдері мен ой-санасының дамуына байланысты ою-өрнектердің өзгеріп, ары қарай жетілдіріліп отыруымен қатар бұл ою-өрнектердің киіз үй төсеніш бұйымдарында бейнеленуіне орай индуктивті әдіс, салыстырмалы әдіс, топтастыру (классификациялау) және сипаттау әдістері қолданылды.

Киіз үй төсеніш бұйымдарындағы ою-өрнектерге қатысты наным-сенімдер






























Адамзат бүгінгі өркениетті қоғамға дейін түрлі даму сатыларынан өтіп, өркендеу жолын басынан кешірді. Соған орай, әр халық өзінің таным-түйсігін қалыптастырып отырды. Әрбір қоғамдық сатыдағы адам түсінігі мен наным-сенімі әр түрлі болғандықтан, діндер туралы түсініктер де өзгеріс үстінде болды (Болысбаев және басқалары, 2017: 55). Негізінен қай халықтың болса да рухани әлемі, ең алдымен оның дәстүрлі өнерінен бастау алады. Дәстүрлі өнердің ішінде қазақ ою-өрнегі ғасырлар бойы өрістеп, өзіндік ерекшеліктерін сақтап, бізге де жетті (Жәнібеков, 1995: 12).

Ою-өрнектерді зерттей келе ғалымдар оларды бірнеше топқа жіктеген. Мысалы, Ә.Х. Марғұлан (Марғұлан, 1986: 83), ою-өрнектерді космогониялық (аспан денелері), зооморфтық (жануарларға байланысты), өсімдік тектес және геометриялық фигуралар деп негізгі төрт топқа бөлген. Ал, В. Deniz (Deniz, 2000: 71) осы топтармен бірге наным-сенім мен салт-дәстүрлерге байланысты ою-өрнектердің бар екендігін айтады. С. Қасиманов (Қасиманов, 1995: 15), ою-өрнектерді *ай, күн, жұлдыз* сияқты көк әлемі, мал, аң, жәндік, құс, өсімдік, қару-құрал және геометриялық фигуралар деп сегіз топқа жіктеген болса, өз кезегінде Г. Солтанбаева (Солтанбаева, 2016: 112-117), ою-өрнектерді *шаршы, ирек* тәрізді геометриялық фигуралар, үй жануарлары, жыртқыштар, құстар, теңіз фаунасы (рептилиялар мен жәндіктер) секілді зооморфтық ою-өрнектер, *толқын, тау, ағаш* сияқты табиғи ою-өрнектер, космогониялық ою-өрнектер, сонымен қатар зооморфтық (жануарлар бейнесі) пен антропоморфтық (адам бейнесі) өрнектердің біріккен түрі ретінде ертегі, мифтік жаратылыстарды бейнелеу арқылы пайда болған қиял-ғажайып ою-өрнектер деп бірнеше топқа бөлген. Қазақ халқы бұл ою-өрнектердің барлығын дерлік киіз үй бұйымдарында қолданған (1-сурет).

Негізінен наным-сенімдер адамдардың кәсібіне тікелей байланысты болған. Мәселен,

егінші – жерді қыздыратын күнге және жерге ылғал беретін бұлтқа табынған. Ал, малшы әр малдың өз иесі, яғни пірі болғандығына сене отырып, жылқының пірін *Қамбар ата*, түйенің пірін *Ойсылқара*, сиырдың пірін *Зеңгі баба*, қойдың пірін *Шопан ата* және ешкінің пірін *Шекшек ата* деп санаған. Осылайша қарапайым

табиғат күштеріне сиындан туған дін мыңдаған жылдар бойы өркендеп, біздің дәуірімізге де жетті. Жалпы көшпелі қазақ дүниетанымында Тәңір діні, ата-бабалар аруағы, Ұмай ана, от, жер, су және космос әлемі киелі саналған. Осыларға байланысты ырым-жоралғылар да қалыптасып отырған (Болысбаев және басқалары, 2017: 55).

1) Космогониялық ою-өрнектер						
Шеңбер, дөңгелек	Күн	шұғыла	төрт- құлақ	жұлдыз	шімай	айшық
						
2) Зооморфтық ою-өрнектер						
мүйіз, қошқармүйіз	түйетабан	өркеш	қоянқұлақ	итқұйрық	омыртқа	
						
3) Өсімдік тектес ою-өрнектер						
жапырақ	ағаш	өткізбе сабақ	гүл	үш күлтелі гүл	Бес күлтелі гүл	
						
4) Геометриялық ою-өрнектер						
бітпес	ирек	шаршы	қос дөңгелек	бес таңба	бес дөңгелек	
						
5) Табиғи ою-өрнектер						
суөрнек	тау		теңіз		ағаш	
						

1-сурет – Ою-өрнектердің классификациясы
(Солтанбаева, 2016: 112-114)

Космогониялық, яғни аспан әлемін бейнелейтін күн, айшық, жұлдыз ою-өрнектері негізінен аспан денелеріне табыну сипатындағы наным-сенімдермен байланысты қалыптасқан. Ертеде қазақтардың аспанға (көкке, Тәңірге), күнге, айға, жұлдыздарға табынуы, оларды қасиет көруі, біріншіден, метеорологиялық, астрономиялық құбылыстардың сырын жете түсінбегендіктен, екіншіден, олардың тіршілік үшін маңызынан туған. Айға байланысты туған *ай*, *айшық*, *жарты ай* деп аталатын ою-өрнек басқа түркі халықтарының қолөнер бұйымдарында да жиі ұшырасады (Әлімбаев, 2013: 666-667).

Ай өрнегінің ислам дінінен бұрын шыққанын бір замандары көптеген қауымдардың ай мен күнге, от пен жұлдызға табынғандарынан білуге болады. Жаратылыс құбылыстарынан мағлұматсыз заманда ай, күн және жұлдыз Тәңірі болып

көрінген. Осыған байланысты аспан әлеміндегі денелердің ең көрнектісі және құбылысы көп айды олар Тәңірі тұтып жалбарынған, оған құрбандықтар шалған. Қазіргі кезде *ай*, *жарты ай*, *айшық* өрнектері әрине, бұл ұғымнан әлдеқашан тазарып, тек өрнек, әдеміліктің бір түрі болып қалған. Сондай-ақ, *ай*, *жарты ай* өрнегі көбінесе діни орындардың архитектуралық безендіруінде, мешіт-медреселердің мұнараларында, мазараттарда, жайнамаздарда көрініс тапқан (Қасиманов, 1995: 16).

Ою-өрнектерде күннің бейнесі *шеңбер*, дөңгелек түрінде кездеседі. Күннің *шеңбер*, дөңгелек түрінде бейнеленуі исламға дейінгі Тәңірлік діннің көрінісі болып табылады. Негізінен күн – махаббат, әділет және ғашықтық белгісі, ай – сұлулық, сана ишарасы, ал жұлдыз – мереке мен жастықтың нышаны болған

(Әлімбай, 2013: 667). Г. Солтанбаеваның (Солтанбаева, 2016: 116) пайымдауынша, күн – ғашықтық, қуаныш пен бақыт, ал жұлдыз – аспан символы болып саналады. Демек, бұл космогониялық ою-өрнектер, біріншіден, мифологиялық дүниетаныммен байланысты әлемнің құрылымдық жүйесін, екіншіден, мәңгілік қозғалыстағы табиғат пен табиғи құбылыстардың ырғағы туралы ертеден келе жатқан ұғым-түсініктерді білдіреді (Әлімбай, 2013: 667).

Көне түркілердің түсінігі бойынша құс – көктің, балық – судың, ағаш – жердің белгісі болған екен. Мұндай наным-сенімдер қазақ ою-өрнегінің *мақлұқаты* (зооморфтық), *нәубетаты* (өсімдік тектес), *ғарыштаты* (космогониялық), *тікесызықты* (геометриялық) және тағы басқа ою-өрнек түрлерінің мазмұнын байыта түскен (Жәнібеков, 1995: 13).

Сондай-ақ халық шеберлері өрнек үлгілерін негізінен адамды қоршаған табиғат аясынан алып отырған. Осындай өте ерте замандардан келе жатқан тағы бір наным-сенім бойынша, жер бейне бір таба нан тәрізді жазық әрі дөңгелек пішінді болып, алып көк өгіздің мүйізіне орналасқан екен. Адамдар сол өгіздің жерді бір мүйізінен екінше мүйізіне ауыстыруын жер сілкінісімен тең көрген. Көк өгіз алып (наһан) толқындаған теңізді мекендеген балықтың жотасына орналасқан. Бұл халық сенімі Ілияс Жансүгіровтің 1924 жылы жазылған «Өк, көк өгіз!» атты өлеңінде шебер суреттелген (Шоқпарұлы, 2005: 15).

Негізінен түркі халқының Ислам дінінен бұрын әу баста құстан, содан кейін аю, қасқыр, бұғы, өгіз, сиыр, қой сияқты аңдардан таралғанына байланысты наным-сенімдері болған. Осыған орай, халық өзінің пір тұтқан жануарлар иесіне арнап құрбандық шалып, қолөнер бұйымдарына аталған жануарлар мен құстардың бейнелерін түсіріп отырған (Deniz, 2005: 194). Сондай-ақ Орта Азиядағы түркі халықтарының наным-сенімі бойынша, адам о дүниеге аттанғанда, оның жаны көкке құс болып ұшып кетеді екен. Сондықтан құс киелі бір жаратылыс болып саналған (Deniz, 2000: 185-186).

Жалпы құс атаулы ежелден еркіндік, бақыт, ізгілік пен бейбіт өмір сүрудің символы болып табылған. Құстарды киелі санау және соған сәйкес пайда болған әдет-ғұрыптар барлық түркі халықтарының өткен дәуірдегі тұрмысына тән. *Құсқанат*, *құстұмсық*, *құсмұрын*, *қазтабан* сияқты құс және құстың белгілі бір түріне байланысты қалыптасқан ою-өрнектердің киіз үй төсеніш бұйымдарында қолданылуы ежелден

келе жатқан наным-сенімдерден туған (Әлімбай, 2013: 666).

Көшпелі халықтар руды және әрбір адамды қорғаушы жануарларға, яғни тотемдерге ерекше мән берді. Тотемдер руды қорғаушы ретінде қабылданып, адамдарға көмектесу және оларды қауіп-қатерден сақтау үшін берілді. Тотемизм ата-бабамыздың нақты бір жануармен туыстыққа сенуін білдіреді. Қасқыр, жылқы, бұғы, өгіз және аққу сияқты құс пен жануарлар тотем болып танылды (Солтанбаева, 2016: 102).

Келе-келе мұндай ұғымдар ою-өрнекке ауысып, кейбір заттар мен олардың бөлшектері малдың, аң-құстың дене мүшелеріне ұқсатып жасалатын болды. Қазақ халқының наным-сенімі бойынша, үй жануарларынан жылқы, түйе, қой киелі танылғандықтан, олардың қылын, жүнін, сүйегін, тіпті тұяғын қасиетті деп санау арқылы оларды тікелей тұмар ретінде пайдалану салт болып қалыптасты. *Тұмарша* оюы қорғаушы, сақтаушы қызметін атқарғандықтан қасиетті саналып, магиялық наным-сенімге байланысты әр түрлі бұйымдарға қолданылды. Ертеде тұмардың ішіне туған жердің топырағын, тас қиыршықтарын салған. Сол арқылы алыста жүрген адам жер ананың желеп-жебейтіндігіне, туған жеріне қайтып оралатындығына иланған. *Тұмарша* оюы халықтың осындай ырымынан кездейсоқ қауіп-қатерден, тіл-көзден сақтап жүретін киелілік қасиетіне сенуден шыққан. Тұмар тағу елде әлі де кездеседі (Әлімбай, 2013: 664-669).

Жылқы – құдіретті және билік әкелетін патшалық жануар болып саналған (Солтанбаева, 2016: 102). Мысалы, *атауыз*, *атерін* ою-өрнектері жылқының аузын, үстінгі және астыңғы еріндерінің түйісіп тұрған бейнесін еске түсіреді және олар сырмақ оюы ретінде қолданылады (Қасиманов, 1995: 18).

Қазақстан жерін мекендеген ежелгі көшпелі тайпалар түйені тотем санаған. Ежелгі түсінік бойынша түйе – мықтылық пен алып күштің символы болған. Киіз үй төсеніш бұйымдарында кездесетін түйеге қатысты өрнектерден *түйетабан*, *түйеөркеш*, *ботамойын* ою-өрнектерін атап айтуға болады. *Түйетабан* оюы – алыс сапардың белгісі. Ертеректе бұл ою Шығыс пен Батысты байланыстыратын қазақ даласының көп жерлерін басып өткен Жібек жолы деген ұғымды білдірген. Бота – қазақ ұғымында, нәзіктік, пәктік, сұлулық, балғын жастықтың символы (Әлімбай, 2013: 664-665). Сақ дәуірінен бері келе жатқан және қазақ, қырғыз, қарақалпақ қолөнерінде сақталған, латынның

S әрпіне ұқсас, *ботамойын* өрнегі – өте көне өрнек болып саналады (Марғұлан, 1986: 84). Бұл өрнек, Г. Солтанбаеваның (Солтанбаева, 2016: 112) кітабында *итқұйрық* деп аталған. Бұл ою түрі Пазырық кілемінде бейнеленген (Göğünaу-Kızıoğlu, 2001: 71). Зерттеушілердің айтуынша, киіз төсеніш бұйымдарымен бірге Пазырық қорғанынан табылған Пазырық кілемі б.з.д. III-II ғасырларда, ал кейбір деректер бойынша б.з.д. V-III ғасырларда тоқылған және ол ғұндардан қалған ең ескі бұйымдардың бірі. Қазақ халқының XVIII ғасырда тоқылған кілем өрнегінде үш бірдей *шаршының* ішінде *сегізбұрышты* геометриялық фигуралар мен бұл фигуралардың ішінде *ағаш* пен *жапырақ* оюларының қолданылғаны және шет оюларының да бір-бірімен тізбектеле орналасқан S әрпі тәрізді оюлардың бейнеленгені жайында мағлұмат беріле отырып түркі халықтарының ұқсастықтары меңзелген (Deniz, 2000: 19, 49, 161).

Биліктің күші мен қуатын бейнелейтін қойдың басы да жиі кездесетін негізгі тотемдердің бірі. Байлық пен саулық символы ретінде қойды дәріптеу қазақ халқында сақталып қалған. Бұл наным-сенімнен туған *қошқармүйіз* оюы зооморфтық ою-өрнектер тобына кіреді. *Қошқармүйіз* өрнегімен киіз үй мен оның бұйымдарын оюлаған қазақтар отбасының әлеуметтік жағдайының жақсаруына үміттенген және бүкіл руға саулық тілеген (Солтанбаева, 2016: 102). Қой малына байланысты қалыптасқан *қошқармүйіз* өрнегі және оның нұсқалары қазақ қолөнерінде, соның ішінде киіз үй төсеніш бұйымдарында да ең көп қолданылатын оюға жатады. *Қошқармүйіз* оюы – молшылық пен ырыс-берекенің нышаны. Жалпы *мүйіз* ою-өрнегі, адамгершілік пен мейірімділіктің символы. *Мүйіз* оюы мағынасы жағынан қазақтың қонақжайлылығын білдіретін «Қош келдіңіздер» деген сөздің ою-өрнектегі баламасы (Әлімбай, 2013: 665).

Зерттеушілердің пайымдауынша, *мүйіз* оюы қой, архар, бұғы, сиыр мүйіздерін меңзейді. *Мүйіз* өрнектерінің *қошқармүйіз*, *сынықмүйіз*, *қырықмүйіз*, *төртқұлақ* сияқты түрлері мен атаулары өте көп. Оның ұсақ түрлері *зергерлік*, *кестешілік* қолөнерінде қолданылса, ірі түрлері *сырмақ*, *текемет*, *алаша*, *кілем*, *терме* сияқты төсеніш бұйымдарында көрініс табады (Қасиманов, 1995: 25-27). *Мүйіз* өрнектерінің ішіндегі *сынықмүйіз* өрнегінің астарында бұл дүние үнемі асып-тасып тұрмайды, оның да ашысы мен тұщысы болады екен деген ой жатыр (Әлімбай, 2013: 665). Ал, *қошқармүйіз* оюының төрт тармақтан құралып, ортасы айқышталған

түрі *төртқұлақ* оюы деп аталады (Қасиманов, 1995: 28). Сондай-ақ, *төртқұлақ* оюы геометриялық оюларда кездеседі, әрі ол дүниенің төрт бұрышы және дүние төрт бұрышты деген ұғымдарды білдіреді (Әлімбай, 2013: 668). Сонымен қатар, Г. Солтанбаеваның (Солтанбаева, 2016: 114) еңбегінде бұл ою космогониялық ою-өрнектер қатарына жатқызылған. *Төртқұлақ* оюы бесінші Пазырық қорғанынан табылған қабырғаға ілінетін киіз бұйымында қолданылған және осы ою қазақ халқының *тұс киізінде* бейнеленген (Марғұлан, 1986: 85). *Мүйіз* ою-өрнектері негізінен молшылық, баршылық және көбеюді тілеу деген мағыналарды білдіреді (Солтанбаева, 2016: 115).

Мифтік аңыздарда үш өлшемді әлем құрылымы (көк жүзі, жер беті, жер асты) бәйтерек бейнесінде сипатталады. Халық танымындағы әлем құрылымының бәйтерек түрінде көрініс тапқаны тәрізді әр шаңырақ, отбасы тамырын тереңге жайған, мәуелі бәйтерекке теңеледі. Бәйтеректің үш бөлігі, яғни тамыры, діңі, бұтақ пен жапырақтары ата – әке – бала және өткен ұрпақ – осы ұрпақ – келер ұрпақ мағынасында қолданылады, әрі осы түсінік адам ұрпағының жалғастығын көрсетеді. Ағаш, дәнді дақыл, гүл түрлері мен олардың жапырақ, сабақ, қауыз сияқты бөліктерінің бейнелері қолөнер бұйымдарында, соның ішінде киіз үй төсеніш бұйымдарында да кездеседі (Әлімбай, 2013: 668). Ежелгі түсінік бойынша *ағаш*, яғни *әлемдік ағаш* – Көк Тәңір мен Жер ананың арасын жалғастырушы дәнекер болып саналған (Болысбаев және басқалары, 2017: 56). Сондай-ақ *ағаш* оюы, Г. Солтанбаеваның (Солтанбаева, 2016: 113) кітабында табиғи ою-өрнектердің ішінде орын алған.

Өсімдіктер адам өмірінде маңызды рөл атқарады. Олар туралы мифтік наным-сенімдер де қалыптасқан. Негізінен өсімдік атауларымен байланысты ою-өрнектер қолөнер бұйымдарында жиі кездеседі (Әлімбай, 2013: 667). Сонымен бірге өсімдік тектес *гүл*, *үш гүл* және *бес гүл* ою-өрнектері халық даналығы мен терең ойды, *ағаш* оюы болса, барлық әлемнің бірігуін білдіреді (Солтанбаева, 2016: 117). Әсіресе, *гүл* – көктем, жастық, сұлулық, махаббат, нәзік сезім мен сүйіспеншіліктің символы. Ал, жапырақ – өмірдің нышаны. Кілемдерде кездесетін *жапырақ*, *үш жапырақ* ою-өрнектері жапырақ секілді жайқалып ақжарқын, мейірімді болуды, әрі гүлдей құлпырған өмірдің қадірін білуді, ал *өткізбе* өрнегі аралас-құраластықты, ынтымақ пен бірлікті тұспалдайды (Әлімбай, 2013:

668). *Бүлдірген, жауқазын, қоза, желі* сияқты өрнектер болса шөп, ағаш, жеміс, бұталарды сипаттаудан пайда болған (Қасиманов, 1995: 20).

Жер бетінің дөңгелек деген ұғымынан келген *шеңбер, дөңгелек, қосдөңгелек* оюлары геометриялық ою-өрнектерге жатады. Сонымен бірге *шеңбер* оюы, күннің символы болып табылатын космогониялық ою-өрнектердің ішінен де орын алады. *Ирек, ирексу* секілді оюлар өмір толқыны, адамның өмір жолы деген мағынаны білдіреді. *Үшбұрыш* көне заманнан бері көк жүзі, жер беті және жер асты деп танылған әлемнің үш бөлікке бөлінетіні туралы түсініктердің өнердегі үлгісі ретінде қабылданады. Ол, жер, су және аспан бірлігінің символы, молшылық пен гүлдену дегенді сипаттайды. Ортағасырда табылған текеметтерде кездесетін толық және қысқарған пішіндегі ромбыларды ғалымдар молшылық магиясымен тікелей байланысты, өмір ағашының ежелгі белгісі деп санайды. Киелі оюлардың бірі *тұмарша* оюының да пішіні үшбұрыш тәрізді. Көптеген халықтың наным-сенімі бойынша *айқыш* (қосу белгісі) тәрізді пішіндер болса, ерекше сиқырлық мәнге ие. *Айқыш* (қосу белгісі) өмір нышаны, тіршілік пен бақыт әкелетін күн мен желдің белгісі болып саналған (Әлімбаев, 2013: 668-669).

Жалпы қазақ халқында, *мүйіз, қошқармүйіз, түйетабан, өркеш* тәрізді зооморфтық ою-өрнектер, *жапырақ, ағаш, гүл* бейнесіндегі өсімдік тектес ою-өрнектер, *ирек, шаршы* пішінді геометриялық ою-өрнектер және *су, тау* секілді табиғи ою-өрнектер киіз үй төсеніш бұйымдарында кеңінен қолданыс тапқан (Солтанбаева, 2016: 112-113).

Адамның өмір жолы мен адамға тән қасиеттерді тұспалдап, жер-суды меңзейтін табиғи ою-өрнектер қатарына *қайнар, су, толқын, ирек, ирексу* тәрізді ою-өрнектер жатады. Қазақ кілемдерінің ортасына өрнектелетін *көл* оюы көшпенділер тіршілігінің кеңістігін, судың тіршілік нәрі және қорғаныс қызметін атқарады. Ел арасындағы түсінік бойынша мықтылық пен сабырлылықтың, әрі жақсылық пен алып күштің мәңгі болуын сипаттайтын оюдың тағы бір түрі *тау* оюы деп аталады (Әлімбаев, 2013: 669-670). М. Eliade өзінің «*Shamanism*» атты еңбегінде атап көрсеткендей, тау да әлемдік ағаш сияқты аспан мен жер арасын байланыстырушы рөлін атқарады. Қандай да бір тауға шығу дүниенің ортасына дейін жол жүру дегенді білдіреді. Негізінен әлем – көк жүзі, жер беті және жер асты делінген бір-бірімен беттесетін үш үлкен қабаттан тұрады. Бұл қабаттар дәл ортада

орналасқан бір сызық арқылы өзара байланысқандықтарынан бір қабаттан екінші бір қабатқа өту мүмкіндігі бар. Ал, аспанның қақ ортасында, киіз үйдің тірегі секілді темірқазық жұлдызы жарқырап тұр. Ертеде халықтардың түсінігі бойынша шамандар осы әлемдердің барлығына бара алған. Бұл ою-өрнектер де киіз үй төсеніш бұйымдарында кеңінен қолданылған (Eliade, 2006: 293-343).

Зерттеушілердің пікірінше, қазақ текеметтерінде кездесетін *сынық сызықты* ою-өрнектер – өзен, найзағай тәрізді табиғат құбылыстары ретінде қабылдануы мүмкін. Ғарыштық дене, өмірдің қайта жандануы туралы түсініктер мен қара күштерге қарсы жасалатын әдет-ғұрыптар осы ою-өрнекпен байланысты. Көне заманнан келе жатқан өрнектердің бірі егіз (жұп) деп аталады. *Егіз* өрнегі шеңбер және шеңбердің іші бір балықтың қақ жарған екі жартысы сияқты бейнеленеді. Ол дүниедегі барлық нәрсе мен жаратылыстың егіз деген ұғымынан шыққан. Мысалы, ай мен күн, күндіз бен түн, ақ пен қара, өмір мен өлім, баршылық пен жоқшылық, ер мен әйел, жақсылық пен жаманшылық, сор мен бақыт егіз болып табылады және бірінің орнын бірі басып, ауысып отырады деген ұғымды білдіреді (Әлімбаев, 2013: 668-669).

Қазақстан аумағында Ислам дініне дейін антропоморфтық ою-өрнек кең таралды. Кейін адам бейнесін салу діни тыйымға байланысты қазақ ою-өрнегінен жоғалып кетті (Солтанбаева, 2016: 113).

Ою-өрнектерде қолданылған сандар да ерекше маңызға ие. Мысалы, шамамен XVIII-XIX ғасырларда тоқылған және Қожа Ахмет Йассауи кесенесінен табылған Сыр немесе қоңырат кілемі деп аталатын кілемге 18 бояу түсі қолданылғаны анықталған. Бұл кілемнің көлінде (ортасы) сегіз қатар етіп, *сегіз бұрышты табақ* және *қиық бұрышты шаршы* өрнектері алма-кезек бейнеленген (Әлімбаев, 2012: 304). А. Schimmel болса, 18 санының мағынасын 18000 ғаламды білдіруімен байланыстырады (Schimmel, 1998: 243). Зерттеушінің айтуы бойынша, 8 саны сәттіліктің нышаны болып табылады (Schimmel, 1998: 169). Ою-өрнектер секілді сандардың да белгілі бір мағыналарының болуына байланысты халқымыз оларды қолөнер бұйымдарында қолдану барысында ерекше көңіл бөлген.

Өнер – адамдардың арасындағы өзара қарым-қатынасын нығайтуымен қатар, философия мен дін ұғымдарының мағынасын айқындайды. Осы түсінікке сүйене отырып, жалпы, ою-өрнектерді, соның ішінде киіз үй төсеніш бұйымдарында

кездесетін ою-өрнектерді де адамдардың өзара байланыс жасауы үшін қолданылатын тіл ретінде қарастыруға болады. Бұл тіл, мындаған жылдар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуы негізінде бүкіл адамдардың ортақ тілі болу сипатына ие, әрі ол осы ерекшеліктеріне сәйкес көптеген көркем шығармалардан көрініс тапқан (Karataş, 2013: 14). Осының бір дәлелі ретінде “Сырмақ шерткен сыр” аңызын айтуға болады. “Ертеде қолөнердің барлық түрі мен ою-өрнектерді жете меңгерген және ою тілінде бір-бірімен тілдескен елді Ою хан деген әділ хан басқарыпты. Жылдар өте келе бұл елді басқа бір хан соғыс ашып басып алыпты. Ол осы елдегі қолөнер мен салт-дәстүрді жойып жаңадан құрғысы келгені үшін Жою хан аталыпты. Бір күндері Жою ханның жалғыз ұлы аңға шығып, аң атаулыны жаралап, олардың еті мен терісін алмақ болған кезде, бір үкі оның көзін ойып жіберіпті. Содан кейін бала көзі көрмей жар басынан құлап, көлге батып кетіпті. Баласына іздеу салған Жою хан оның өлімін естірткен адамның басын алатыны туралы жарлық шығарыпты. Мұны естіген Ою хан Жою ханның баласын іздеуге шығыпты және жолындағы жараланған аң мен құстардың барлығын емдеп, ең соңында баланың көзін ойған үкіден болған жайдың мәнісін біліпті. Осыдан кейін Ою хан оқиғаның желісін сырмақ бетіне түсіріп, Жою ханға әкеліп жайып тастапты. Жою хан баласының өлімін сырмақ бетіндегі оюлардан қарап түсінгеннен кейін халықтың алдында оқиғаны бастан-аяқ айтып беріпті. Қаһарланған Жою хан Ою ханның басын алмақ болыпты. Алайда, Ою хан бұл оқиғаны Жою ханның өз аузынан естігенін тілге тиек

етіпті. Халық Ою ханды қолдап, Жою ханның өз жарлығы өз өліміне себепкер болыпты” (Medevbekule, 1999: 159-165).

Нәтижелері және талқылама

Бұл зерттеу жұмысы барысында, ұлттық мирасымыздың бірі болып саналатын ою-өрнектер, оның ішінде киіз үй төсеніш бұйымдарындағы ою-өрнектерге қатысты наным-сенімдер талқыланды. Нәтижесінде қазақ халқының уақыт өте келе тотемизм, магия секілді наным-сенімдері, шаманизм, Тәңір діні, Ислам дінінің келуі, салт-дәстүр, әдет-ғұрып және халықтың ой-санасының дамуы мен басынан кешірген тарихи кезеңдері сияқты факторлардың әсер етуіне байланысты ою-өрнектердің де бірте-бірте өзгеріп, ерекше сипатқа ие болғандығы айқындалды.

Қорытынды және тұжырымдама

Адамзат табиғатпен етене байланысты болғандықтан, қазақ халқы да өзге халықтар секілді ою-өрнектерді өзінің туған жері, тарихы, әдет-ғұрпы пен наным-сенімдеріне сәйкес басқа қолөнер түрлерімен қатар киіз үй төсеніш бұйымдарында да бейнелеп отырған. Әр ою-өрнектің белгілі бір мағынасына сай қолөнердің қай түрінде көрініс тапса да халқымыз ою-өрнекке ерекше көңіл бөлген. Халық ауыз әдебиеті сияқты ою-өрнек те қазақ халқының мәдени мұрасына жатады. Сондай-ақ ою-өрнектер қолөнер бұйымдарында қолданылуы арқылы қайтадан жанданып отырады.

Атадан-балаға жалғасып келе жатқан осы ұлттық мирасымызды ары қарай дамыту үшін өскелең ұрпаққа жеткізу біздің мақсатымыз, әрі борышымыз болып табылады.

Әдебиеттер

- Әлімбай, Н. (2012, 2013) Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. (ред.) – Алматы: РПҚ «Слон». – 3-4 том. – 736, – 736.
- Болысбаев, Д.С. және басқалары (2017) Ұлттық ою-өрнектің табиғаты мен наным-сенім ерекшеліктері. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. – Астана. №5. (120). – 53-56.
- Deniz, B. (2000) Türk Dünyasında Halı ve Düz Dokuma Yayımları. – Ankara: «Atatürk Kültür Merkez Yayınları». – 284.
- Deniz, B. (2005) Türk Dünyasında Ölümlük Halı ve Düz Dokuma Yayımları Geleneği. Bal-Tam Türklük Bilgisi-2. – Prizren: «Bal-kan Türkoloji Araştırmaları Merkezi Yayını». – 173-207.
- Eliade, M. (2006) Şamanizm. İlkel Esime Teknikleri (2 b.). Çev. Birkan, İ. – İstanbul: «Kabalıcı Yayınevi». – 560.
- Görgünay-Kırzioğlu, N. (2001) Altaylar'dan Tunaboyu'na Türk Dünyası'nda Ortak Yanışlar (Motifler). – Ankara: «Türk Tarih Kurumu Basımevi». – 402.
- Жәнібеков, Ө. (1995) Жолайырықта. – Алматы: «Пауан». – 112.
- Karataş, M. (2013) Türk Dilinde Yanış (Motif) Adları - Anadolu Sahası. (The Names Of Motives in Turkish Language – The Area of Anatolia). Türk Dili ve Edebiyatı. Doktora Tezi. – Muğla. – 429.
- Кенжеахметұлы, С. (2013) Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы: «Атамұра». 2-басылым. – 384.
- Қасиманов, С. (1995) Қазақ халқының қолөнері. – Алматы: «Қазақстан». – 240.
- Маргулан, А.Х. (1986) Казахское народное прикладное искусство. – Алма-Ата: «Өнер». I том. – 256.
- Medevbekule, S. (1999) Sumağın Sırtı. (Sırmaq Şertken Sır). Tural S. İlmek'e Yansıyan Şiir: Halı-Kilim – Ankara: «Bilgi Yayınları». – 178.

- Niyetbay, U. (2019) Kazak Türklerinin Kültüründe Halı ve Düz Dokuma Yaygıları ile İlgili Söz Varlığı. (Vocabulary on Pile and Flat Woven Carpets in the Culture of Kazakh People). Türk Dili ve Edebiyatı. Doktora Tezi. – Ardahan. – 306.
- Schimmel, A. (1998) Sayıların Gizemi. (The Mystery of Numbers). Çev. Küpüşoğlu, M. – İstanbul: «Kabalıcı Yayınevi». – 337.
- Солтанбаева, Г. (2016) «Мәңгілік өнер: Ою-өрнек тарихы». – Алматы: «Таймас». – 128.
- Шойбеков, Р.Н. (2006) Қазақ тілінің қолөнер лексикасы. ф.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы. – 307.
- Шоқпарұлы, Д. (2005) Қазақтың қолөнері. – Алматы: «Өнер». – 176.

References

- Alimbay, N. (Ed.). (2012-2013). Qazaqtıñ Etnografiyalıq Kategoriyalar, Uğymdar men Atavlarıñıñ Dästürli Jüyesi. (3-4 tom). Almaty: RPK Slon. 736. – 736.
- Bolysbaev D.S. jäne basqalary. (2017). Ulttyq Oyu-Örnektiñ Tabıǵaty men Nanyim-Senim Erekselikteri [Features of Perception and Natural Character of the National Ornament]. L.N. Gumilyov Eurasian National University. Habarşy. Astana, Kazakhstan, №5. (120). 53-56.
- Janibekov, Ö. (1995). Jolayırıqta. Almaty: Ravan. 112.
- Kenjeahmetuly, S. (2013). Qazaqtıñ Salt-Dästürleri men Ädet-Ğuryptary. (2 b.). Almaty: Atamura. 384.
- Qasimanov, S. (1995). Qazaq Halqıñıñ Qolöneri. Almaty: Qazaqstan. 240.
- Margulan, A. (1986). Kazahskoye Narodnoye Prikladnoye Iskusstvo. (1 tom). Alma-Ata: Öner. 256.
- Soltanbayeva, G. (2016). Mäñgilik Öner: Oyu-Örneк Tarihy. Almaty: Taymas. 128.
- Şokparuly, D. (2005). Qazaqtıñ Qolöneri. Almaty: Öner. 176.
- Şoybekov, R.N. (2006). Qazaq Tiliniñ Qolöner Leksikasy. Fil.ğıl.dok. ǵıлыми дәрежесін алу үшін дайындалған dissertatsiya. – Almaty. 307.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ – ОБ АВТОРАХ – ABOUT THE AUTHORS

Берикбаев Е. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, философия және саясаттану факультеті, дінтану және мәдениеттану кафедрасы, дінтану мамандығының PhD докторанты.

Дүйсенбаева А. Қ. – Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің оқытушысы, PhD.

Исахан М. – Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің оқытушысы, PhD.

Курманалиева А.Д. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, философия және саясаттану факультеті, дінтану және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы, профессор.

Қабылова А. – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры.

Ниетбаева Б. – Ардахан университеті, әлеуметтік ғылымдар факультеті, түрік тілі мен әдебиеті кафедрасы, заманауи түрік диалектілері мен әдебиеттері мамандығының магистранты (Түркия).

Рашимбаев Р. – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің PhD докторанты.

Сатершинов Б. М. – философия ғылымдарының докторы, профессор. ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты.

Сатыбалдиева А. – Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің PhD докторанты.

Танабаева А. С. – PhD доктор, Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті ЮНЕСКО педагогикасы кафедрасы.

Хумархан Ж. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, философия және саясаттану факультеті, дінтану және мәдениеттану кафедрасы, исламтану мамандығының PhD докторанты.

Ge Yuyang – PhD, Шанхай халықаралық зерттеулер университетінің профессоры (Қытай).

Zhang Yuan – PhD, Шанхай халықаралық зерттеулер университетінің профессоры (Қытай).

МАЗМҰНЫ – CONTENT – СОДЕРЖАНИЕ

<i>Kurmanaliyeva A., Berikbayev Y.</i> State-religious relations in Central Asian Countries	4
<i>Satershinov B., Khumarkhan Zh.</i> The concept of shariah in Al-Farabi's Philosophy	11
<i>Сатыбалдиева А., Дүйсенбаева А., Исахан М.</i> Шиға бағытының пайда болуының діни, саяси, әлеуметтік себептері	19
<i>Қабылова А., Рашимбетов Р., Танабаева А.</i> «Мәңгілік ел» идеясы аясындағы исламның ынталандыру қызметі	28
<i>Yuan Zhang, Yuyang Ge</i> Religious Nationalism and Power Vacuum in the Middle East	38
<i>Ниембаева Б.</i> Қазақ халқының киіз үй төсеніш бұйымдарында қолданылатын ою-өрнектерге қатысты наным-сенімдер	48
Авторлар туралы мәлімет	57